

ISSN 3134-8440
eISSN 3134-8459

ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
ЯСАУИТАНУ ғылыми орталығы

YASAWI STUDIES

«AZRET SULTAN» National Historical and Cultural Museum-Reserve
RSEREM
YASAWITANU Scientific center

ИССЛЕДОВАНИЕ ЯСАВИ

РГКП «Национальный историко-культурный музей-заповедник
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» Научный центр ЯСАУИТАНУ

Том 1, №1

Түркістан 2026



ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Журнал 2025 жылдан бері басылып келеді.
Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Ақпарат министрлігінде тіркелген.

Қайта есепке қою куәлігі: № KZ00VPY00140194
«Ясауи зерттеулері» журналы жылына 4 рет шығады

ISSN 3134-8440
eISSN 3134-8459



Редакция алқасы:

ДҮКЕНБАЕВ Нұрлан Мұсағалиұлы - "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директоры м.а. алқа төрағасы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0002-2791-9554>

МОЛЛАҚАНАҒАТҰЛЫ Сайпулла - "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының басшысы, алқа төрағасының орынбасары (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8411-5977>

ТАСТАНБЕКОВ Мұрат Мейірбекұлы - т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директорының орынбасары (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0289-9024>

МУМИНОВ Әшірбек Құрбанұлы - т.ғ.д., профессор, IRCICA Бас директорының Орталық Азия бойынша кеңесшісі (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-3430-928X>

ҚОЖА Мұқтар Бахадырұлы - т.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9619-7968>

КЕНЖЕТАЙ Досай Тұрсынбайұлы - филос.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0507-1011>

ЙЫЛДЫЗ Муса - профессор, Гази Университеті (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-5274-9481>

ӨГЕР Адем - профессор, Хаджи Бекташ Вели университеті, Филология факультеті, Түркі халық ауыз әдебиеті бөлімі (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-1278-2110>

ГҮЛТЕН Садуллах - профессор, Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Магистратура және докторантура институты (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9986-4367>

ҮШЕНМЕЗ Емек - доцент, Ыстамбұл университеті, Түркі тілі және түркі диалектілері кафедрасы (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-4729-4491>

ТОСУН Неждет - профессор, Мармара университеті (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-7618-916X>

ХҮММӘТОВА Хураман Бәһмәнқызы - профессор, Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясының Низами Гәнжәви атындағы Әдебиет институтының Түркі халықтары әдебиеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері (Әзірбайжан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-5426-5766>

ЯМАН Али - профессор, Манас университеті (Қырғызстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-5282-5686>

ДАҒЫСТАН Сердар - PhD, доцент м.а. Манас университеті (Қырғызстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-1685-4890>

БАБАЖАНОВ Бахтияр Мирамович - т.ғ.д., профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері (Өзбекстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0003-6623-4125>

ЖАШПОРОВ Нурбой - ф.ғ.к., профессор, Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті (Өзбекстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0000-2380-398X>

ҚОРҒАНБЕК Болат Сағынбекұлы - ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9190-4456>

ТҮЯҚБАЕВ Өмір Оразұлы - PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Жазба жәдігер және рухани мұра" ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-3846-7426>

ҚЫДЫР Төрәлі Еділбайұлы - ф.ғ.к., доцент, ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

ПРИМКУЛОВА Гаухар Жанкуловна - т.ғ.к., доцент, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9074-9458>

САЙФУНОВ Бауыржан Насырдинұлы - PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясауитану ғылыми-зерттеу институты директоры (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-8707-7075>

ТӨЛЕГЕН Мұхит Жылқайдарұлы - PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8325-3278>

КӨШЕНОВА Гүлбану Мұхамеджанқызы - PhD, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8537-6490>

МЕЙІРМАНОВ Аманжол Досжанұлы - ФСДИ Философия орталығының аға ғылыми қызметкері (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-6525-7320>

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды.

Редакция, баспа құрылтайшының мекен жайы:

161200 Түркістан қаласы, Өмір Темір, 53а
Телефон 8 (72533) 3-23-00,
E-mail: yasawicenter@gmail.com
Журналдың арнайы сайты:
journal-yasawicenter.com

1- бөлім

ЯСАУИТАНУ: ДІНТАНУ ЖӘНЕ ТЕОЛОГИЯ

Section 1

**YASAWI STUDIES: RELIGIOUS STUDIES AND
THEOLOGY**

Раздел 1

**ЯСАВИЕВЕДЕНИЕ: РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ И
ТЕОЛОГИЯ**

Сайпулла Моллақанағатұлы 

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы,
Ясауитану ғылыми орталығының басшысы, Қазақстан/Түркістан
e-mail: mollakanagatuly@gmail.com

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ ҚАБІРХАНА ЕСІГІНДЕГІ ЖАҢА ЭПИГРАФИКА: ЯСАУИ ЕСІМІ МЕН ЛАҚАПТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің XIV ғасырлық қабірхана есігіне жүргізілген соңғы реставрация жұмыстары нәтижесінде анықталған жаңадан ашылған эпиграфикалық жазулар сараланады. Атап айтқанда, алғаш рет кесене есігінен Қожа Ахмет Ясауидің есімі нақты түрде көрінуі ғылыми жаңалық ретінде қарастырылады. Жазулардың мазмұны, стилі, тарихи және сопылық мәнмәтіні мәтіндік-тарихи әдіспен талданып, бұрын жарық көрген мәтіндермен салыстырмалы түрде қарастырылады.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, эпиграфика, кесене есіктері, реставрация, XIV ғасыр, сопылық, тарихи мәтін

Abstract. This article examines newly discovered epigraphic inscriptions revealed during the recent restoration of the 14th-century tomb doors of the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi. Notably, for the first time, the explicit appearance of Khoja Ahmed Yasawi's name on the mausoleum door is considered a scholarly discovery. The content, style, historical, and Sufi contexts of the

inscriptions are analyzed using a textual-historical method and compared with previously published sources.

Keywords: Khoja Ahmed Yasawi, epigraphy, mausoleum doors, restoration, 14th century, Sufism, historical text.

Аннотация. В статье рассматриваются вновь выявленные эпиграфические надписи, обнаруженные в результате последней реставрации дверей мавзолея (гробницы) Кожы Ахмета Ясави, относящихся к XIV веку. Особое внимание уделяется факту впервые чётко прочитанного имени Кожы Ахмета Ясави на двери мавзолея, что представляет собой научное открытие. Содержания, стиль, исторический и суфийский контексты надписей анализируются с применением текстово-исторического метода и сопоставляются с ранее опубликованными источниками.

Ключевые слова: Кожа Ахмет Ясави, эпиграфика, двери мавзолея, реставрация, XIV век, суфизм, исторический текст

Кіріспе. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – XIV ғасырда Әмір Темір ибн Тарағай Барлас (Босворт, 2008: 232), Курекеннің бұйрығымен тұрғызылған, Орта Азиядағы сопылық мәдениеттің маңызды символына айналған сәулет-діни кешен. Тимуридтер империясының сәулет өнері ислам архитектурасына тән басты ерекшеліктердің бірі – геометриялық өрнектер мен көркем каллиграфия элементтерімен безендірілуімен сипатталады. Исламда адамның, жануарлардың бейнесін жасауға діни тұрғыдан тыйым салынғандықтан, көркемдік нақыш көбіне абстрактілі пішіндер мен жазбалар арқылы көрініс табады. Осы дәстүрдің жарқын мысалын қазіргі Қазақстан аумағында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің алдыңғы қасбетінде кездестіруге болады: мұнда геометриялық симметрия мен ислам каллиграфиясы үйлесімді түрде қолданылған (Carney, 2021). Бұл архитектуралық ескерткіш тек сәулеттік ерекшелігімен ғана емес, сондай-ақ ішкі-сыртқы эпиграфикалық жазуларымен де аса құнды. Бұған дейінгі зерттеулерімізде, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі эпиграфикалық жазу мәтіндері түпнұсқа күйінде толық жарияланбай, көбінесе орыс тіліндегі үзінділер

етіп беріліп келгенін, олардың қатарында М.С.Бекчурин мен П.Н.Ахмеров және Н.И.Веселовский болғанын атап көрсеткенбіз (Муминов, Қожа, Моллақанағатұлы, Садықбеков, Нұрбеков 2013:19). Көрхана есігінің ою-өрнектері сүйекпен ерекше нақышталған. Есік жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген (Нурмухаммедов, 1980:11). Соңғы жылдары жүргізілген реставрациялық жұмыстар барысында бұрын оқылмаған, көзге түспеген кейбір эпиграфикалық мәтіндер қайта көрініп, ғылыми айналымға алғаш рет еніп отыр.

Атап айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі XIV ғасырда жасалған ағаш есіктердің бірінде бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген, аса маңызды эпиграфиялық жазу анықталды. Бұл жазуда Қожа Ахмет Ясауидің есімі нақты әрі айқын түрде жазылған. Мұндай дерек – сопылық мұраны зерттеу мен тарихи тұлғаның кесенедегі орнына байланысты бұрынғы болжамдар мен жорамалдарды нақты тарихи мәтін арқылы қуаттайтын сирек құбылыс. Ясауидің есімі жазылған бұл ағаш есік – архитектуралық-көркемдік жәдігер ғана емес, сонымен қатар XIV ғасырдағы рухани таным мен саяси-мәдени ортаның Ясауи тұлғасын қалай қабылдағанын көрсететін тікелей айғақ. Бұл жазу – Қожа Ахмет Ясауидің тек халық жадындағы аңыздық тұлға емес, нақты тарихи кезеңде өмір сүріп, қоғамда ресми танылған рухани жетекші болғанын дәлелдейтін құжаттық сипаттағы дерек. Аталған эпиграфиялық мәтіннің табылуы – Ясауитану ғылымында бұрын зерттелмеген жаңа қырларды ашуға мүмкіндік береді. Бұл жазу арқылы біз XIV ғасырда-ақ Қожа Ахмет Ясауидің атымен байланысты сопылық ілімнің ресми дәрежеде құрметке ие болғанын, оның кесенесінің рухани маңызға ие ескерткіш ретінде мойындалғанын көреміз. Сондай-ақ, жазудың каллиграфиялық сипаты мен орналасу ерекшелігі оны кездейсоқ емес, арнайы ойластырылған, идеологиялық мақсатта жазылған мәтін ретінде қарастыруға негіз береді. Осы эпиграфиялық дерек Қожа Ахмет Ясауи туралы ғылыми дискурстағы маңызды мәселелердің бірі – оның тарихи нақтылығы мен сопылық мәртебесі жөніндегі пікірлерді нақтылауға жол ашады. Сонымен қатар, бұл жазу Ясауи кесенесінің сәулеттік құрылымындағы мәтіндер жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастырылып, оның жалпы рухани-танымдық маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны және әдістері. Зерттеу нысаны ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің XIV ғасырлық ағаш есігіне түсірілген арабша эпиграфикалық жазулар алынды. Зерттеу барысында қолданылған әдістер: Эпиграфикалық талдау: жазудың стильдік, формалық ерекшелігін сипаттау; Палеографиялық салыстыру: жазу типін XIV ғасырдағы басқа жазулармен салыстыру; Мәтіндік талдау: жазба мазмұнын филологиялық тұрғыдан қарастыру; Тарихи-контекстуалдық талдау: жазу мазмұнын сопылық философия, тариқат мұрасы аясында түсіндіру.

Жаңадан ашылған эпиграфикалық жазулардың сипаттамасы. Реставрация кезінде тазарған есік беттерінен бірнеше жол арабша сулс және насх стиліндегі жазулар көрінді (Қрым, 2025:60). Солардың бірі (1-сурет):

... روحه الله قدس اليسوي احمد شيخ الاوليا برهان و الاتقيا سلطان ...

Қазақ тіліндегі аудармасы: ... Сұлтан ул-атқма (тақуалардың сұлтаны) уа Бурхан ул-аулиа (және әулиелердің дәлелі) Шайх Ахмет әл-Ясауи қаддасалаху рухаху... (Алла оның рухын киелі қылсын) деген жол. Бұл жазу бұрын-соңды кесене мәтіндерін нақты оқылып, тәркелмеген болатын. Бұған дейін жарық көрген еңбектерде есік жазулары өте үстірт сипатталған немесе толық тозған деп танылған.

Аталған мәтіндегі سلطان الاتقيا و برهان الاوليا شيخ احمد اليسوي قدس الله روحه тіркесі – Қожа Ахмет Ясауи есімінің тұлғалық, тариқаттық және тарихи маңызды бар дерек екенін көрсетеді. Мұнда Ясауи «шейх» деп аталып, «Сұлтан ул-атқма (тақуалардың сұлтаны)» және «Бурхан ул-аулиа (әулиелердің дәлелі)», «қаддаса

рухаху...» (рухына қасиет дарыған болсын) деген сопылық формулаларымен мадақтаған. Бұл формулалар көбінесе тариқат шейхтеріне ғана қолданылған

1-сурет Қабірхана есігінің маңдайшасындағы жазу



Тарихи-мәтіндік және сопылық мәні бар мәтін. Аталған эпиграфиялық мәтін өзінің тарихи-мәтіндік және сопылық мазмұнымен ерекше құнды. Ол Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіндегі орнының тек жәй бір тарихи тұлға ретінде емес, рухани көшбасшы, тарихат шейхы ретіндегі биік мәртебесін білдіретінін айқын көрсетеді. Мұндағы мәтін – Ясауи ілімінің XIV ғасырдағы идеологиялық және рухани кеңістікте респи танылғанының айғағы. Біздің пайымымызша, бұл жазудың бастапқы бөлігінде дәстүрлі ислам-сопылық эпиграфикасында жиі кездесетін «Хазихи раузату...» («Бұл – рауза шәріп», яғни «қасиетті кесене», немесе «қасиетті қабір орны») деген тіркес болған болу мүмкін. Бұл тіркес Ясауи қабірінің тек жерленген орын емес, киелі, тіркестер көптеген исламдық кесенелерде, әсіресе сопылық ілім өкілдерінің мазараларында кеңінен кездеседі. Ясауи кесенесінде сақталған басқа да мұралар мен экспонаттар да бұл жазудың мазмұндық құрылыммен сабақтас екенін байқаймыз.

Мысалы қабірхана (рауза шәріп) есігінің төбесіндегі қабырғаға орнатылған керамикалық тас тақтаның биіктігі 60 см, ені 170 см. Тас тақтада сүліс қолтаңбасымен екі жол жазу жазылған.

Арабша мәтін:

امر بعمارة هذه الروضة الشريفة الامير الاعظم مالك رقاب الامم المختص بعناية الملك الرحمن امير تيمور كوركان بن امير تراغاي بن امير بركل بن امير انجيل بن امير قراجار اعز الله تعالى ملكه و سلطانه

Қазақ тіліндегі аудармасы: Бұл Рауза шәріптегі салуға Әмір Ағзам, көп елдің тізгінін ұстаған, Рахымды Патшаның (Тәңірдің) айрықша қамқорлығын иеленуімен Әмір Темір Көреген бин Әмір Тарағай бин Әмір Беркел бин Әмір Ілінгір бин Әмір Іжіл бин Әмір Қаражар бұйрық берді, Алла Тағала оның билігі мен патшалығын мәңгілік етсін (Муминов, Қожа, Моллақанағатұлы, Садықбеков, Нұрбеков 2013:137)!

Мұндағы «рауза аш-шарифа» ұғымы – сопылықта тек бейіт немесе мазар ғана емес, рухани деңгейді құрметтеудің белгісі. Сонымен қатар, «қаддаса рухаху» формуласы оның рухани шежіре бойындағы орны мен ұлықтығын көрсетеді. Жазу тек эстетикалық немесе құрылымдық элемент қана емес, қасиетті кеңістіктің мағыналық белгісі ретінде де қызмет атқарады. Яғни бұл есік арқылы кесенеге кіретін адам Ясауиді рухани шейх, тариқаттың иесі ретінде мойындап кіреді деген түсінік бар. Жалпы алғанда, эпиграфикалық мәтіндер – сопылық танымда тек ақпараттық сипат

кана емес, рухани символдық мағына да иеленеді. Мұндай мәтіндер арқылы кесене кеңістігі рәміздік деңгейге көтеріліп, зиярат мәдениетіндегі киелі кеңістік ретінде қалыптасады. Ясауидің кесенесі де дәл осындай жүйеге негізделген: жазулар арқылы оның рухани статусы мен сопылық миссиясы бекітіліп, кейінгі ұрпаққа жеткізілген. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл жазу – тек тарихи дерек емес, сонымен қатар Ясауи жолының сопылық танымда кеңістіктік көрініс табу үлгісін айғақтайтын құнды мәтін. Ол арқылы XIV ғасырдағы діни-сопылық санада кесене тек мазар емес, шейхтың рухани мектебінің орталығы, тариқаттың киелі символы ретінде орныққанын байқаймыз.

Бұрынғы деректермен салыстыру. Бұл жазу 2013 жылы қайта басылған «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» деп аталатын еңбекке ендірілмеген. Кейбір жалпы сипаттамаларда есік жазуы «қатты бүлінген» деп айтылғанымен, нақты мазмұны берілмеген. Сондықтан бұл деректің бұрын жарық көрмеген, алғашқы ғылыми тіркеуі ретінде ұсынылуы – жаңалық саналады.

Қорытынды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі XIV ғасырлық қабірхана есігінен табылған жаңа жазу – Ясауи тұлғасының сопылық мәртебесін нақты тарихи мәтінмен айғақтайтын, осыған дейін ғылымда белгісіз болып келген ерекше дерек. Бұл эпиграфикалық жазу – Ясауи ілімінің тек ауызша-рухани ғана емес, материалдық-архитектуралық кеңістікте де орнығып, көрініс тапқанын дәлелдейтін құнды куәлік. Жазудағы мәтін мен қолданылған каллиграфиялық стиль, сондай-ақ оның орналасқан орны – барлығы да Ясауи ілімінің XIV ғасырда-ақ институционалдық сипат алғанын және оның сопылық мәртебесінің қоғамдық деңгейде ресми танылғанын көрсетеді.

Бұл жаңалық тек эпиграфика саласына ғана емес, тұтас Ясауитану ғылымына серпін беретін, тың бағыттарды қалыптастыруға негіз бола алатын маңызды табыс. Атап айтқанда, сопылық ілім мен архитектуралық кеңістіктің өзара байланысын зерттеу, жазбалардың идеялық-мазмұндық құрылымын талдау, сопылық мәтіндердің тарихи контексте кеңістіктік бейнеленуін зерделеу секілді жаңа зерттеу бағыттарына жол ашылады. Сонымен қатар, бұл жазу Ясауи ілімінің кеңістіктік-мұралық жүйесі туралы қазіргі ғылыми түсінігімізді тереңдетуге, дәстүрлі діни танымның құрылымын қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, табылған жазу – Ясауи дүниетанымының кең ауқымдағы ықпалын дәлелдейтін, тарихи-мәдени мұраның маңызды бір бөлігі ретінде бағаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Rob Carney, Timurid Architecture and the Timurid, Renaissance [/https://architectureofcities.com](https://architectureofcities.com)
2. Босворт К.Э. Мұсылман әулеттері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 424 б.
3. Қожа Ахмед Яссауи мавзолейі = Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясеви = The mausoleum of Hodja Ahmed Yasevi [Мәтін] : альбом / Н.-Б. Нұрмұхаммедов ; [ағылшын тіліне аударған К. Кук ; редакторлары: Е. Мекежанов [ж.б.] ; көркемдеген В. Григорьева ; Қазақ ССР министрлігі]... – Алматы : Өнер, 1980. - 36, [160] б.
4. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khja Ahmad Yasawi / Құрастырушылар: Ә.Қ.Муминов, М.Б.Қожа, С. Моллақанағатұлы, М.Ж. Садықбеков, Ж.М. Нұрбеков. – Алматы: «Эффект» ЖШС, 2013. 208 б., қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.
5. Материалы: Консервация двери Ходжи Ахмеда Ясави – как сохранение шедевра тимуридской эпохи, Дверь к святому, Научно-реставрационная лаборатория Остров Крыма, 2025 г.

Автор туралы:

Сайпулла Моллақанағатұлы - «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының басшысы, Қазақстан/ Түркістан

About the author:

Saipulla Mollakanagatuly - Head of the Yasawi Studies Research Center of the Hazret Sultan National Historical and Cultural Museum-Reserve Kazakhstan/ Turkestan

Об авторе:

Сайпулла Моллақанағатұлы - «Руководитель научного центра ясауиеведения Государственного историко-культурного музей-заповедника «Азрет Султан», Казахстан/Туркестан

ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ. YASAWI STUDIES. ИССЛЕДОВАНИЕ ЯСАУИ.

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
ЯСАУИТАНУ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

<https://journalyasawicenter.com>
ISSN 3134-8440 eISSN 3134-8459

Батырхан Болатбек Шәденұлы 

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, жетекші ғылыми қызметкер, PhD,
Қазақстан/ Алматы
e-mail: bolatkazakh@gmail.com

ЯСАУИ ІЛІМІНІҢ ТҮРКІЛІК ИСЛАМДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа. Түркілер исламды тек сыртқы формада емес, өздерінің бай рухани-мәдени дүниесімен қабылдап, оны жергілікті болмыспен үндестіре білді. Осы үдерісте аса көрнекті тұлға, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің алар орны ерекше. Оның ілімі тек діни бағыт емес, сонымен қатар мәдени, философиялық және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркілік дүниетаным мен ислам дінінің біртұтас синтезі. Оның ілімі арқылы түркі халықтары исламды өз болмысына сай қабылдады. Бұл мақалада Ясауи ілімінің түркілік исламдағы орны, оның ерекшеліктері мен ықпалына талдау жасалады.

Кілт сөздер: Ясауи ілімі, сопылық, түркілік ислам, Орталық Азия, ислам тарихы, исламдық руханият

Abstract. The Turks accepted Islam not only in its external form, but also together with its rich spiritual and cultural world, integrating it into the local identity. In this process, the teachings of the outstanding figure, the founder of Turkic Sufism Khoja Ahmed Yasawi play a special role. His teachings are a harmonious synthesis of the Turkic worldview and the Islamic religion. Thanks to this teaching, the Turkic peoples accepted Islam in accordance with their mentality and spiritual

traditions. Yasawi's teachings are considered not only as a religious trend, but also as a cultural, philosophical and social phenomenon. This article analyzes the place of Yasawi's teachings in Turkic Islam, its features and influence.

Keywords: Yasawi's teachings, Sufism, Turkic Islam, Central Asia, history of Islam, Islamic spirituality

Аннотация. Түркілер исламды тек сыртқы формада емес, өздерінің бай рухани-мәдени дүниесімен қабылдап, оны жергілікті болмыспен үндестіре білді. Осы үдерісте аса көрнекті тұлға, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің алар орны ерекше. Оның ілімі тек діни бағыт емес, сонымен қатар мәдени, философиялық және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркілік дүниетаным мен ислам дінінің біртұтас синтезі. Оның ілімі арқылы түркі халықтары исламды өз болмысына сай қабылдады. Бұл мақалада Ясауи ілімінің түркілік исламдағы орны, оның ерекшеліктері мен ықпалына талдау жасалады.

Аннотация. Түркілер исламды тек сыртқы формада емес, өздерінің бай рухани-мәдени дүниесімен қабылдап, оны жергілікті болмыспен үндестіре білді. Осы үдерісте аса көрнекті тұлға, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің алар орны ерекше. Оның ілімі тек діни бағыт емес, сонымен қатар мәдени, философиялық және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркілік дүниетаным мен ислам дінінің біртұтас синтезі. Оның ілімі арқылы түркі халықтары исламды өз болмысына сай қабылдады. Бұл мақалада Ясауи ілімінің түркілік исламдағы орны, оның ерекшеліктері мен ықпалына талдау жасалады.

Аннотация. Түркілер исламды тек сыртқы формада емес, өздерінің бай рухани-мәдени дүниесімен қабылдап, оны жергілікті болмыспен үндестіре білді. Осы үдерісте аса көрнекті тұлға, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің алар орны ерекше. Оның ілімі тек діни бағыт емес, сонымен қатар мәдени, философиялық және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркілік дүниетаным мен ислам дінінің біртұтас синтезі. Оның ілімі арқылы түркі халықтары исламды өз болмысына сай қабылдады. Бұл мақалада Ясауи ілімінің түркілік исламдағы орны, оның ерекшеліктері мен ықпалына талдау жасалады.

Аннотация. Түркілер исламды тек сыртқы формада емес, өздерінің бай рухани-мәдени дүниесімен қабылдап, оны жергілікті болмыспен үндестіре білді. Осы үдерісте аса көрнекті тұлға, түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің алар орны ерекше. Оның ілімі тек діни бағыт емес, сонымен қатар мәдени, философиялық және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркілік дүниетаным мен ислам дінінің біртұтас синтезі. Оның ілімі арқылы түркі халықтары исламды өз болмысына сай қабылдады. Бұл мақалада Ясауи ілімінің түркілік исламдағы орны, оның ерекшеліктері мен ықпалына талдау жасалады.

Ключевые слова: учение Ясауи, суфизм, түркий ислам, Центральная Азия, история ислама, исламская духовность.

Кіріспе. Ислам діні түркі халықтарының тарихында терең із қалдырған, олардың дүниетанымы мен рухани өміріне зор ықпал еткен діндердің бірі болды. Қожа Ахмет Ясауи (1103-1166) – Орталық Азияда сопылық ілімді кеңінен таратқан, түркі халықтарының исламды қабылдауына елеулі әсер еткен тарихи тұлға. Ол сопылықты шариғат, тариқат, мағрифат, хақиқат сатыларымен сипаттай отырып, адамның рухани кемелдену жолын көрсетті. Оның «Диуани Хикмет» еңбегі – түркілік сопылықтың басты жәдігері ретінде бағаланады. «Диуани Хикмет» – ислам сопылық ілімін түркі халқының тілі мен түсінігіне бейімдеп жеткізудің айқын үлгісі болып табылады

(Сүйіншәлиев, 1997). Ахмет Ясауиді «Диуани хикмет» деп аталатын хикметтер жинағы үшін көне түрік шайырларының бірі, әрі жергілікті халықтың әдет-ғұрпына сопылық ықпалымен бейімделген ислам дінін таратуда аса зор рөл атқарған ғұлама ретінде танымыз. Хикмет – түркі поэзиясына тән формада жазылған, бұл түркі халқының поэтикалық мәдениетін ислам дінінің насихатына тиімді қолданудың үлгісі болды. Түркілердің мәдени жадында Орталық Азиядағы түрік әдебиетінің және ұлы даладағы түркі-исламның бастамашысы ретінде ол түріктілі халықтардың баршасына ортақ аңыздық баба ретінде алға шығады (Zarcone, 2000: 2). Кейбір ғалымдар Ясауидің діни-рухани және ғылыми-ағартушылық қозғалыс жолындағы күрескерлігіне айрықша маңыз береді. Оның тарихи шығармаларда кездесетін атақ-мәртебелері – Хәдрәт-е солтан («Әзіреті сұлтан»), Пир-е Торкестан («Түркістан пірі»), Солтан-е торк («Түрік сұлтаны»), Сұлтан әл-‘арифйн («Мистиктер сұлтаны»), Ахмәд-е сани («Екінші Ахмет»), Құтб әл-әқтаб («Құтыбтардың құтыбы»), Шейх әл-мәша’йх («Шайқылардың шайқысы»), Шаһеншаһ («Шаһтардың шаһы»), Астанех-йе сә’адәт («Бақыт табалдырығы») (Kenjetau, 2003: 223).

«Диуани хикметте» жинақталған поэзиялық шығармаларды сопылық дәстүр шеңберінде «хикмет» деп атайды. Құранның алғаш түскен аяттарында ұшырасатын хикмәһ (араб.: *حكمة* – «даналық», «білгелік») сөзі сопылық терминологияда Мұхамбет пайғамбардан жеткен ілімді, яғни оның сүннетін, өсиеттерін, уағыздарын тұспалдайды және «ақиқатты, иләһи сырларды тану, болмыстардың бар болғандағы мақсатын түсіну, себеп пен салдар арақатынасынан Құдайдың қалауын ашу» деген мағынада қолданылады (Kara, 1998: 518–519). Түркі әлемінде Ахмет Ясауи тұлғасына теңдестірілетін «хикмет» концептісін – исламды жаңадан қабылдап жатқан түркілерге ислам принциптерін, шарифат нормаларын, сүннет амалдарын, сопылықтың егжейлері мен ерекшеліктерін, тариқаттың әдеби мен ритуалдарын үйрету және түсіндіру үшін жазылған шығарма деп түсінеді (Güzel, 2015: 629).

«Диуани хикмет» – түркі-ислам әдебиетінің «Құтты біліктен» кейінгі көне үлгісі. Түрік тілі мен әдебиетіне қатысты шығармалар өте сирек жазылған кезеңге тиесілі болғандықтан, оның тіл тарихы мен әдебиет тарихындағы маңызы орасан. Ол түрік (түркі) әдебиетінің ең маңызды ескерткіші саналуға тиіс, өйткені «Диуани хикмет» – ежелгі халық әдебиетінің көптеген элементін (яғни көне ұлттық пішіндер мен метрлерді) алып, солар арқылы исламдық рухты жеткізген алғашқы шығарма (Körpülü, 1993: 119–120).

Түркілік исламның негізін қалаған Ахмет Ясауи түркі халықтарының рухани құндылықтары мен діни тәжірибесін қалыптастыруда айрықша маңызды рөл атқарды. Оның мұрасы түркі мәдениетінің діни аспектіде нығаюына және сақталуына орасан ықпалын тигізді. Түркілік ислам түркі халықтарының рухани өмірінде, олардың мәдени бірегейлігін қалыптастыруда маңызды орын алады. Ахмет Ясауи мен оның ізбасарларының ілімдері мен тәжірибелері арқылы түркі халықтарының ортақ діни және мәдени негіздері нығайып, олардың рухани байланысы күшейе түсті. Бүгінгі таңда Ясауи ілімі радикализм мен діни экстремизмге қарсы тұра алатын рухани иммунитет ретінде бағаланады. Оның іліміндегі мейірімділік, сабырлылық, Аллаға деген сүйіспеншілік секілді құндылықтар қазіргі қоғам үшін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи есімімен аталатын университеттің және оның мұрасын зерттеуге арналған ғылыми орталықтардың құрылуы – Ясауи мұрасының жаңаша бағаланып, қайта жандануының айғағы.

Ясауидің түркілер тарихындағы маңызы ерте түріктілі шайырлығымен шектелмейді. «Өзі» мен «өзге» категориясы тұрғысынан оны сопылықтың түркілерге бейімделген нұсқасын жасау арқылы, Әлішер Науаи (1441-1501) секілді, парсы мәдениеті ықпалында кетпеу үшін түрік мәдениетін көтеруге қызмет еткен ұлтшыл ретінде қарастырады. Ясауиге дейінгі сопылық тариқаттарды қабылдаған түркілер парсы мәдениетіне жұтылып кететін (Körpülü, 1993: 114). Түркілік сопылық жолын

қалыптастырған Ясауи, осылайша, түркі халықтарының әдет-ғұрыптарымен синтезделген халықтық исламның жаршысына айналды (Осак, 2002: 65).

Түрік тарихшысы А. Ожак түркі халықтары тарихында исламның әлеуметтік-мәдени өмірінің екі аспектісін бөліп қарастырған: 1) кітаптық принциптер қатаң сақталған, мәдениет пен өнердің жоғары үлгісін көрсеткен «қалалық ислам»; 2) далалық және ауылдық аймақтардағы халықтың тарихи тегіне негізделген, олардың бұрынғы мифтік сенімдерімен, культтерімен синтезделген «халықтық ислам» (Осак, 2002: 15–16). Ясауи көшпелі және жартылай көшпелі түрік тайпаларының мәден ортасына, олар қалыптастырған әлеуметтік-экономикалық құрылымға – көне тайпалық салт-дәстүрлер біршама деңгейде сақталатын – жаңа исламдық модельді сәйкестендірген. А. Ожактың көзқарасынша, Ахмет Ясауи ислам дінін ирандық сопылық арқылы електеп, оны Орталық Азияның буддалық, шамандық, манихейлік мәдениеттерін тұтынатын көшпелі және жартылай көшпелі тайпаларына ыңғайлап, оларға түсінікті жолдармен жеткізген (Осак, 2002: 32–35). Бұл тұрғыда оның исламға және түркі халықтарының мәдениетіне сіңірген еңбегі түркілер арасында тараған әйгілі мақалдан көрініс табады: «Мадинада – Мұхамбет, Түркістанда – Қожа Ахмет».

Ясауи ілімі ислам дінін түркілік таныммен, дәстүрмен ұштастырды. Ол дәстүрлі түркілік руханият – тәңіршілдік пен шамандықтың белгілі элементтерін терістемей, оларды исламның рухани тереңдігімен алмастыра отырып, бейімдеді. Ясауи сопылықты тек медитация немесе зікір салу ғана емес, күнделікті өмір салты, мінез-құлық мәдениеті ретінде қарастырды.

Ясауидің білім алуы аясы, өскен ортасының сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайына келер болсақ, бұл мәселеде де нақты деректер жоқтың қасы. Әрине, сол кездегі түріктердің орналасқан Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Ясы, Сабран, Сығанақ, Шаш, Сүткент, Женд, Весиж, Кудур, Шилжи, Отлук, Өзкент сияқты т.б. Мәуреннахр қалаларындағы араб жаулаушылары мен миссионерлерінің әрекеттері алғашында (IX) саяси сипат иеленсе, X ғасырдан былай қарай түбегейлі дін таратуға бағытталды. Медресе, текке сияқты тәлім ордаларының орнығуымен бірге қоғамда моральдық принциптер, сонымен қатар экономика мен сауданың дамуына негізделген жаңа мемлекеттік сипаттағы жүйелер қалыптаса бастады. Әрбір қалада, елді-мекенде мешіттер, медреселер мен теккелер бой көтерді. Қоғам шарифат негізінде жүйеленіп, әлеуметтік, этико-психологиялық, экономикалық қарым-қатынас орныға бастады (Кенжетәев, 2007: 11).

Исфиджаб (кейінгі Сайрам) қаласының халқы Ясауи дүниеге келмей тұрып 100-150 жыл бұрын исламды қабылдаған. Олар ислам дінімен Мо'тәсем халиф (833–842) тұсында танысып, Саманилер (819–1005) кезінде мұсылман атанды. 960 жылдары Шаш пен Фараб (кейінгі Отырар) арасындағы 200-ге жуық ауыл исламға өтсе, X ғасырдың бірінші жартысына қарай Қашқар мен Баласағұн аймағы дінге кірген. Исфиджаб пен Ясы қалалары да осы кезеңдерде ислам тараған аумаққа енді. Исфиджаб қаласы Самани билеушісі Есма'ил бен Әхмәдтің (892–907) немере ағасы Нух бен Әсәд (838–840) тарапынан жаулап алынған болатын. Рибат Сайрам қаласының сол кездегі Аббасилер халифатының шекарасы екендігін білдірсе, екінші жағынан, сол жердің исламға кіргенін білдіреді. Рибаттар саяси стратегиялық функциядағы жиһад орталығы болса, кейіннен бұл функциясы өзгеріп, оның орнын тариқаттар, теккелер мен зауиялар алды. Исфиджабта исламдық фикх мектебінің ханафи мазхабының ондаған өкілдері болған. Ясауи ілімінің қалыптасуы осы тарихи-әлеуметтік, саяси шарттарға байланысты дамығанын айтуға болады. Дегенмен осы мәселе төңірегінде Ясауитану саласында нақты зерделенбеген зерттеулер үсті-үстіне қордаланып келеді. Оның ең басты себебі, тегінде, аналитикалық талдаулардағы әдістемелік, материалдық әлсіздік болса керек.

Ясауидің алғашқы шәкірті – Арыстан Бабтың ұлы Мәнсур ата, екіншісі – Сейед ата Хуарезми; үшіншісі – Сүлеймен Бақырғани (1091–1186). Ясауидің ең беделді шәкірті – осы Сүлеймен Бақырғани жайында Хосейн Ва'ез Кашефидің (1461–1504)

Рәшәхат 'әйн әл-хәйят деген кітабында айтылады. Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырған кітабы», «Ақырзаман кітабы» және «Мариям кітабы» сияқты мұралары Орта Азия мен Еділ, Орал аймағында кеңінен танымал (Кенжетаев, 2007: 115). Еңбектеріндегі негізгі тақырыптар – сопылық халдер, хикмет сөздер категориясы оның Ясауи дәстүрінің мирасшысы екенін аңғартады. Сүлеймен Бақырғани мұрасында «Диуани хикметтің» рухы жанданып, жалғасын тапқандықтан, Ф. Көпрүлү оны «Ясауидің хикмет дәстүрін жалғастырушысы һәм жаңғыртушысы» деп бағалаған (Köprülü, 1991: 146–147).

Ясауи мәдениетінің жалғасуы мен таралуы Зеңгі бабаның тарихи қызметімен байланысты. А. Беннигсонның айтуынша, Ясауидің Шопан Ата және Қара Баба атты шәкірттері болған (Bennigsen, 1988: 363). Ясауидің шәкірттері жөнінде Ф. Көпрүлү: «Сопылардың биографиясы берілген еңбектерде Ирак, Хорасан және Мәуреннахр сопыларынан басқа түрік шайқылары деп аталып жүрген сопылардың бәрі – Ясауия тариқатының шайқылары», – дейді (Köprülü, 1991: 147). Ясауи ілімі мен хикмет дәстүріні Дешті Қыпшақ даласында, Түркімен Үстүрт бөлігінде, Әзірбайжан Каспий маңында, Анадолы, Балх, Герат, Үндістан және Ауғанстан өңіріне дейінгі кең алқапты қамтыған. «Науаи, Фузули, Мақтұмқұлы, Юнус Әміре, Мевлақұлы мұраларын оқи отырып Ясауи дүниетанымын, дәстүрін, тілі мен ділін, жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рухты көруге болады (Кенжетаев: 2007: 116).

Ясауидің Диван-е хекмәт, Мират әл-құлуб, Фәқрнамеһ сияқты мұраларынан оның ілімінің мәні мен маңызын анықтауға болады. Ясауи сопылық ілімінің, дүниетанымы мен философиясының желісін моралдық- этикалық және сопылық хикмет деп жіктеуге болады. Ясауи ілімінің парасат бөлімі адамның адамгершілік (ахлақи) мәртебесіне және «кемел адам» дәрежесіне жету мәселесін қарастырады.

Ахмет Ясауи өмір сүрген кеңістік мен уақыт – түріктердің төрт ғасыр бойы исламмен танысып, кейде бүтіндей қауым болып дінге кіре бастаған кезең. Әуелде Аббаси халифаты билігіне қарасты Тұлын (868–905), Саж (890–929), Ихшидилер (935–969) сияқты жартылай тәуелсіз түрік саяси биліктері, артынша 922 жылы исламды қабылдаған Еділ-Бұлғар хандығы, 944/945 жылы исламды қабылдаған Қарахан (840–1212) билігі, Ғазнауилер (963–1186), Селжүктер (1038–1194) және Хорезмшах (1092–1221) сияқты өте маңызды түрік-ислам мемлекеттерінің пайда болып, Ясауиге дейінгі төрт ғасыр нәтижесінде тамыры тереңінен келе жатқан дәстүрлі түркілік мәдени құндылықтар исламдық өркениет қабаттарымен синтезделіп, жаңа түркі-ислам мәдениеті қалыптаса бастаған (Кенжетаев, 2007: 116).

Ясауия тариқаты – түркі сопылық дүниетанымының негізгі ұстындық ерекшеліктерін бойына сіңірген жалпы ислам сопылығының ажырамас бөлігі. Тариқаттың қалыптасу кезеңінің алғашқы тарихи, діни, саяси алғышарттары ХІ ғасырларға дейінгі түріктердің мұсылман кеңістігі ішіндегі әр түрлі ағымдардың пайда болуымен қатар жүріп жатқан Ислам Аббаси халифатынан тәуелсіз жекелеген саяси биліктердің қалыптасу дәуіріне сай келеді.

Бұл кезеңді Ясауия тариқатының қалыптасу кезеңі деп, екінші кезең ретінде де Ясауидің өмір сүрген дәуірі мен Алтын Орданың құрылуы арасындағы Түркістан сопылық дүниетанымы мен тариқаттардың даму дәуірі ретінде қарауға болады.

Ясауия тариқатының қалыптасуында белгілі бір танымдық және феноменологиялық факторлар болды. Түріктердің алғаш Ясауия тариқаты арқылы ислам дінін таңдауындағы ықпалды себептері мен негізгі алғышарттарын «дін-адам-қоғам» кеңістігінен іздеуіміз керек. Түріктер исламды алғашқыда тікелей арабтардан емес парсылардан танып білді. Осы тұрғыдан қарағанда сүннилік, шиғалық, сопылық ағымдарының түріктердің өзіндік түркілік мұсылмандық болмысқа ие болуында маңызды ролі бар. Қалай дегенмен ислам VIII ғасырда Хорасан мен Батыс Түркістанда, ескі діндердің феноменологиялық ұстындары негізінде сопылық мұхитында еріп түркілерге енді. Нәтижеде түрік мұсылмандығының ең маңызды ерекшеліктерінің бірі

болып табылатын сопылық дүниетаным қалыптасты. Түркілік мәдени қабаттарындағы мұсылмандықты қабылдау құбылысы Ахмет Ясауи атымен егіз аталуының негізгі себебі де осында жатыр. Бұған қоса сол дәуірдегі Ислам өркениетінің материалдық-рухани тұрғыдан басқа мәдениеттерге қарағанда үстемдігі, ислам дінін қабылдаудағы түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы Көк Тәңірі сенімі, құрбан шалу ритуалдары, рухтың мәңгілігі, этикалық-моральдық түсініктеріндегі алып-ерендік, батырлық, әділет құндылықтарының ескі түрік төресіндегі орны, олардың жауынгерлік рухы сияқты құбылыстар мен ұғымдардың Ясауи іліміндегі тек Тәңірі, құрбан, рухтың өлімсіздігі, ақырет түсінігі, исламдағы жауанмәрттік ахлақы, әділет, және ішкі жиһад ұғымына формалық жағынан ұқсас болатын. Түріктер мұсылман болған соң тарихын, мәдениетін исламдық рухпен қайтадан қалыптастырды. Олар этникалық шығу тегін семидтік дүниетанымға негіздеп, Нұх пайғамбардың ұлы Жаппас (Яфес) тұқымына тірейді. Көптеген түрік отбасы өздерін Али, кейде пайғамбардың сахабалары арқылы Пайғамбарға «генетикалық» тұрғыдан байланыстырды. Бұл түсініктен де ескі түркілік дүниетанымдағы ұстындар, категорияларды көруге болады. Әйтпесе, мұсылман болу, қан, тек, генге емес, рухқа байланысты екендігі Құранда анық көрсетілген. Сопылық ағымның таралу процесі нәтижесінде дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы қам және озандардың орнын «баба, ата» сияқты дәруіштер алды. Дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізі сыршылдық (мистикалық) дін екендігін ескерсек, сопылық дүниетанымның түрік мұсылмандығының ең маңызды ерекшелігін қалыптастырудағы себептерін ұғыну қиынға соқпаса керек. Бұл құбылыстың табиғилығын дін феномонологиясы тұрғысынан діндердің таралуындағы ескі ұстындардың (археотип) толығымен жойылмайтындығын, жаңалар сол ұстындар, құндылықтар, түсінік, ұғымдар негізінде өз орнын табатындығынан көруге болады. Көбінесе діндерде ескі ұстындар мистикалық институттармен тұтастанып, «халық діндарлығы» түрінде тіршілігін жалғастырады. Бұл барлық әлемдік діндерде кездесетін құбылыс. Осы құбылыстың көрінісін қожа Ахмет Ясауидің сопылық-моральдық ілімінен көруге болады. Оның «құрма» символизмі арқылы Мұхамбет пайғамбарға байлануы, өмірін пайғамбар өміріне ұқсатуға тырысуы, пайғамбарға ұқсаудың ишараты ретінде ұлының атын Ибрахим қоюы, оның жасына келгенде тірідей «жерасты-мешітіне», яғни қылуатке түсуі – осының бәрі оның іліміндегі исламды көшпелі түркілерге жаюдағы ең маңызды әдістемелік әрі құбылыстық ерекшеліктер.

Ясауи ілімі түркі дүниесінде кеңінен таралып қана қоймай, тарихи-мәдени кеңістіктің бөлінбейтін бір бөлігі ретінде парсы сопылық әдебиеті мен тарихи деректерінде де өз ізін қалдырды. Ахмет Ясауи өзінің рухани шежіресінде (силсиласында) Әли ибн Әбу Талибтен бастап Баязид Бистами, Жұнайд Бағдади, Хожа Юсуф Хамадани сынды парсы текті немесе парсы тілді сопылар арқылы жалғасатын тізбекті көрсетеді. Бұл – оның ілімінің парсы сопылық мұрасымен ішкі байланысы бар екенін көрсетсе керек. Шәмс ад-дин Афифи «Манакиб ал-арифин» атты парсы тіліндегі еңбегінде Мауереннахр мен Хорасан сопылары жайында мәлімет бере отырып, «түркілер арасында ерекше сопылық дәстүр қалыптасқаны» туралы былай дейді:

بود مخصوص طریقتی را ایشان و بودند، مشغول عظیم ریاضت و خفی ذکر به که آمدند پدید ترکستان در پارسیانی

«Түркістанда ондай парсалар (сопылар) пайда болды, олар жасырын зікір мен ауыр риязатқа (нәпсіні тыйып тәрбиелеу) ден қойды, және олардың өздеріне тән тариқаты болды»

(۳۸۹) ، عقیفی ، ۸۹

Ә. Муминов Ясауия тариқатының негізі «мубаййадун» және «карматтық» доктриндерде жатыр деген пікірді алға тарта отырып, Бағдат және Хорасан сопылық ағымдарының Ясауия тариқатының қалыптасуына айтарлықтай ықпалы болмағандығына сүйенеді. Яғни Ясауия тариқаты Түркістан аймағындағы дуалистік бағыттағы манихей ілімі мен дәстүрлі секталар негізінде қалыптасқан мубаййидиттердің ілімінің табиғи жалғасы ретінде қарайды (Муминов, 1996: 20). Ал

түрік тарихшысы В. Тоғанның пікірінше, Ясауи ілімі манихаизм мен шафиғилік негізінде қалыптасқан, ал Ахмет Ясауидің өзі Қарахан әулетінен шыққан (Тоған, 1953: 523–529). Жоғарыда аты аталған зерттеушілер Ясауи ілімінің қалыптасуында саяси-діни ағымдарды көрсетеді. Бұл пікірлердің ғылыми ізденістердің жемісі екені даусыз. Дегенмен, теориялық-әдістемелік тұрғыдан алғанда, Ясауи ілімі жүрекке келген шабыттар құдайлық таным және ішкі танымға ден қояды. Яғни Ясауи ілімі рух пен нәпсіге маңыз беретін болса, ал карматилер толығымен саяси бағытта, сырт көрініске мән беретін, ақайдтық доктринаға негізделгендігі белгілі. Карматилер секталық мазхаб, табиғаты жағынан саяси, канондық сипатта болса, Ясауи ілімі толығымен рухани бағытта өрбіді. Бұл – өте маңызды феномен.

Ахмет Ясауия тариқаты – Мәнсур әл-Хәллаж (858–922) жолының жалғасы дегендер қатарында атақты француз шығыстанушысы М. Луис бар. Хәллаж туралы еңбегінде оның түрік мұсылмандығындағы орнын сөз еткен (Massignon, 1994: 39). Қожа Ахмет Ясауи, әсілі, Хәллажды ислам әулиелерінің пірі ретінде таныса керек. Мәнсур әл-Хәллаж ілімінің негізгі ерекшеліктерін Тәңірде еру, Тәңірге ғашықтық, Тәңірден басқаны тәрк ету, хикмет, ғашықтық, өзіне сын көзбен қарау, жүректі тазарту секілді сопылық дүниетанымдық категориялар айқындайды. Бұл жерде, кей ерекшеліктерін есептегенде, Ясауи мен Хәллаж ілімдерінің мазмұндас екені байқалады. Бұл жерде Ясауи ілімінің қалыптасуындағы исламдық өркениет, яғни Ясауи ілімінің мазмұндық негізін құрайтын факторға ғана тоқталдық. Бұдан басқа дәстүрлі түркілік дүниетанымға, яғни Ясауи ілімінің формалық негізін құрайтын факторлар арнайы зерттеуді қажет етеді. Ясауи өз ілімін араб немесе парсы тілінде емес, қарапайым халық тілі түркі тілінде жеткізді. Бұл – оның ілімінің кең таралуының басты факторларының бірі.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі түркі әлемінде сопылық мектептердің қалыптасуына әсер етті. Оның ілімін жалғастырған шәкірттері мен ізбасарлары (Сүлеймен Бақырғани, Исмаил Ата және т.б.) арқылы Ясауи мектебі кеңінен таралды. Сонымен қатар, Ясауи ілімі отарлық кезең мен кеңестік дәуірде де бейсаналы түрде сақталып, дәстүрлі исламның тірегіне айналды. Ясауи жолы – Орталық Азиядағы түркі мұсылмандарының ұлттық өзіндік санасын сақтаудың негізгі арқауы болды.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркілік дүниетаным мен ислам дінінің біртұтас синтезі. Оның ілімі арқылы түркі халықтары исламды өз болмысына сай қабылдады. Ясауи мұрасы – бүгінгі рухани жаңғыруда, діни тұрақтылықта және ұлттық тұтастықта маңызды мәнге ие.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Bennigsen A., Chantal Lemerrier-Quellejau., “Le soufi et le commissaire: Les confreries musulmanes en URSS”, Sufi ve Komiser: Rusya’da İslam Tarikatları., Tercüme eden: Osman Türer., Ankara, 1988. – “Ақсағ Үай”., s. 363.
2. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы: Санат. 1997. – 386 б.
3. Zarcone, T., “Ahmad Yasavî héros de nouvelles républiques centrasiatiques”, Revue des mondes musulmans et de la Méditerranée, no. 89/90:1-2, 2000. – [Электрондық ресурсURL<http://journals.openedition.org/remmm/284> (жүгінген күні: 20.03.2025).
4. Kenjetay, D., Носа Ahmet Yesevî’nin Ahlâk Düşünce Sistemi, Носа Ahmet Yesevi
5. Осағи Үайыңлары, Ankara, 2003.
6. Кенжетәев Д., Қожа Ахмет Иасауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. // Док.дисс. – Алматы, 2007. – 259 б.
7. Kara, M., “Hikmet”, İslam Ansiklopedisi, C.17, 1998. – S. 518–519.

8. Карамоллаоғлу Т. (2014). Hoca Ahmed Yesevi ve Türk-İslam Tasavvufu. Ankara: DİB Yayınları.
9. Köprülü, F., Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. Ankara, 1991. – 7. Baskı. D.İ. Yay., 415 s.
10. Köprülü, F., Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar, Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, Ankara, 1993.
11. Güzel, A., Dinî-Tasavvufî Türk Edebiyatı, Akçağ Yay., Ankara.
12. Мырзахметұлы М. Қ.А.Ясауи ілімі және қазіргі заман. Түркістан: ХҚТУ баспасы, 2001
13. Ocak, A.Y., Türk Sufiliğine Bakışlar, İletişim Yayınları, İstanbul, 2002.
14. Муминов Ә. Иасауийа бастаулары//Иасауи тағылымы.(Ғылыми мақалалар мен жаңа деректер жинағы). -Түркістан:Мұра, 1996. 152 б.
15. Massignon L., Hallac-ı Mansur. Derleyen N. Öktem. Ant yay. İstanbul. 1994. – 110 s. Тоған Z.V., Yesevilige Dair Yeni Malumat. “Fuat Köprülü Armağanı”. İstanbul. 1953.
16. ____ ۱۹۸۳ اطلاعات، انتشارات: تهران. *مناقبالعارفين* شمسالدين عفيقي،

Автор туралы:

Батырхан Болатбек Шәденұлы - Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, жетекші ғылыми қызметкер, PhD, Қазақстан/Алматы

About the author:

Batyrkhan Bolatbek Shadenuly - Leading Research Fellow, PhD, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies. Kazakhstan/. Almaty

Об авторе:

Батырхан Болатбек Шәденұлы- ведущий научный сотрудник, PhD, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова. Казахстан/ Алматы

Goodarz Rashtiani 

Faculty member, Department of History, University of Tehran
Iran/ Tehran
e-mail: rashtiani@ut.ac.ir

KHWAJA AHMAD YASAWI AND HIS LEGACY IN PERSIAN SOURCES AND RESEARCHS

Аңдатпа. Бұл мақала Қожа Ахмет Ясауидің Орталық Азиядағы сопылық ілімнің дамуына қосқан тарихи және рухани үлесін кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеу Ясауидің түркі мәдени элементтерін ислам руханиятымен ұштастыру арқылы Ясауи тариқатының қалыптасуына негіз қалағанын, сондай-ақ оның ілімінің Трансоксания аймағындағы сопылық мектептердің дамуына ықпал еткенін көрсетеді. Мақалада Ясауидің рухани ұстаздары ретінде танылған Мұхаммед ибн Әли ат-Тирмизи мен Қожа Юсуф Хамадани сияқты тұлғалардың ілімдік дәстүрлері мен олардың Ясауи дүниетанымының қалыптасуындағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, Ясауи мұрасының сопылық әдебиеттегі орны, әсіресе «Диуани Хикмет» шығармасының рухани-этикалық және педагогикалық қызметі талданады. Зерттеу сопылық дәстүрдің қалыптасуы мен таралуындағы поэзияның, ауызша мәдениеттің және рухани ұстаздық институттың маңызын айқындайды. Қорытындысында Ясауи ілімі тек түркі әлемінде ғана емес, жалпы ислам мистицизмінің дамуына елеулі әсер еткен әмбебап рухани құбылыс ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, сопылық, Трансоксания, «Диуани Хикмет», Қожа Юсуф Хамадани, Мұхаммед ат-Тирмизи, Ясауи тариқаты, ислам мистицизмі.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of Khwaja Ahmad Yasawi's historical and spiritual contribution to the development of Sufism in Central Asia. The study demonstrates that Yasawi laid the foundations for the formation of the Yasawi Sufi order by synthesizing Turkic cultural elements with Islamic spirituality, and that his teachings significantly influenced the development of Sufi schools in the Transoxiana region. The article examines the doctrinal traditions of figures recognized as Yasawi's spiritual masters, such as Muhammad ibn Ali al-Tirmidhi and Khwaja Yusuf

Hamadani, and their role in shaping Yasawi's spiritual worldview. In addition, it analyzes the place of Yasawi's legacy in Sufi literature, particularly the spiritual, ethical, and pedagogical functions of the work *Divan-i Hikmat*. The study highlights the importance of poetry, oral culture, and the institution of spiritual mentorship in the formation and dissemination of the Sufi tradition. In conclusion, Yasawi's teachings are assessed as a universal spiritual phenomenon that had a significant impact not only on the Turkic world but also on the broader development of Islamic mysticism.

Keywords: Khwaja Ahmad Yasawi, Sufism, Transoxiana, *Divan-i Hikmat*, Khwaja Yusuf Hamadani, Muhammad al-Tirmidhi, Yasawi order, Islamic mysticism.

Аннотация. Данная статья посвящена комплексному анализу исторического и духовного вклада Ходжи Ахмеда Ясави в развитие суфизма в Центральной Азии. Исследование показывает, что Ясави заложил основы формирования Ясавийского тариката посредством синтеза тюркских культурных элементов и исламской духовности, а также что его учение оказало значительное влияние на развитие суфийских школ в регионе Трансоксании. В статье рассматриваются доктринальные традиции таких фигур, признанных духовными наставниками Ясави, как Мухаммад ибн Али ат-Тирмизи и Ходжа Юсуф Хамадани, и их роль в формировании духовного мировоззрения Ясави. Кроме того, анализируется место наследия Ясави в суфийской литературе, особенно духовно-этическая и педагогическая функция произведения «*Диван-и Хикмет*». В исследовании подчеркивается значение поэзии, устной культуры и института духовного наставничества в формировании и распространении суфийской традиции. В заключение учение Ясави рассматривается как

универсальное духовное явление, оказавшее значительное влияние не только на тюркский мир, но и на развитие исламского мистицизма в целом.

Ключевые слова: Ходжа Ахмед Ясави, суфизм, Трансоксания, «Диван-и Хикмет», Ходжа Юсуф Хамадани, Мухаммад ат-Тирмизи, Ясавийский тарикат, исламский мистицизм.

Introduction. Khwaja Ahmad Yasawi was a central figure in the development of Sufism in Central Asia. His synthesis of Turkic cultural elements with Islamic spirituality laid the foundation for the Yasawi order, which influenced both Turkic and Persian-speaking regions. This paper examines the role of Khwaja Ahmad Yasawi and his predecessors, such as Muhammad ibn Ali al-Tirmidhi and Khwaja Yusuf Hamadani, in shaping Sufism in Central Asia, focusing on the doctrinal and spiritual contributions that continue to resonate today.

Transoxiana, a region of immense historical and cultural significance, was pivotal in the early development of Sufism within the Islamic world. Positioned at the crossroads of Persian, Turkic, and Central Asian cultures, it became a fertile ground for the evolution of mystical thought. Among the early Sufi figures in Transoxiana, Khwaja Ahmad Yasawi's contributions remain a cornerstone of Central Asian mysticism. This paper explores the foundational role of Yasawi and his spiritual predecessors, such as Muhammad ibn Ali al-Tirmidhi and Khwaja Yusuf Hamadani, while examining how his teachings shaped the Sufi orders in this region.

Transoxiana, a key geographical region, was pivotal in the early development of Sufism in the Islamic world. The region, with its historical position at the intersection of several cultures, contributed significantly to the evolution of mystical thought. Among the early Sufi figures in Transoxiana, Khwaja Ahmad Yasawi's contributions remain a cornerstone of Central Asian mysticism. This section will explore the foundational role of Yasawi and his spiritual predecessors, such as Muhammad ibn Ali al-Tirmidhi and Khwaja Yusuf Hamadani.

Бұл жазбада көрсетілген Қожа Ахмет Ясауидің тұрғын үйі қазіргі Қылует жерасты мешіті ішіндегі «Ғар» бөлмесінен бөлек тағы бір «Ғар» бар ма деген болжам жасауға болады. Себебі, қылует жерасты мешітіне бірнеше рет жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижелерінен ол ғимараттың тұрғын үй болмағандығын көреміз. Қазіргі кезде Қожа Ахмет Ясауидің тұрғын үйінің орны деп қылует жерасты мешітінен 20-25 м жердегі «Жұма мешітінің» орны айтылып жүр. Ясауия мәдениетінің зерттеушісі өзбекстандық ғалым М.Хашимов Ясауидің «жер асты қылует мешіті» дәстүрге айналып, кейінгі шәкірттерінің көбі бірнеше жер асты мешітін салдырғандығын, мұндай түсініктің сопы-дегдарлардың бұл дүниенің баянсыз тіршілігінен безіп, оңаша Алламен үндесуді қалауынан туындағандығын айтады (Хашимов, 2001: 164). Бұл пір дәрежесіне көтерілген Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген тарихи аумақта бүгінгі күнге беймәлім бірнеше жерасты мешіті мен «Ғар» немесе шілдеханалардың болғандығына көзімізді жеткізе түседі. Дегенмен, Ясауи сопылық іліміндегі жерастына түсіп оңашалану қоғамнан бөлініп, адамдардан баз кешіп кетуді білдірмейді. «Ясауи халықты жер астында отырып емес, онымен бірге жүріп, тұтаса отырып кемелдікке үндейді. Ал, «қылует» – шілдехана деп аталатын қырық күндік рухты арылту әдісі ғана (Кенжетай, 2008: 231). Сондықтан, Қожа Ахмет Ясауи ілімінде «қылуетке түсу» немесе оңаша қалып құлшылық ету Ясауи тариқатының негізгі әдістерінің бірі ретінде қабылданды. Бұл дәстүр Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін де ғасырлар бойы жалғасып келді. Бұл туралы Фуат Көпрұлы мұнда «жылына бір рет Зұлқұджа айының оныншы жұлдызында көптеген адам қылуетке түседі. 1914 жылға дейін бес-алты мың кісінің әртүрлі діни рәсімдерге қатысып, Ахмет Ясауи кесенесін зиярат етеді» (Köprülü, 1984. 85) деген тарихи деректі келтіреді. Осылайша, оның қабірі мен шілдеханасы үздіксіз зиярат етіліп, көпшілік зікір салынатын және қылуетке түсіп оқшаулану арқылы сопының өзін тәрбиелейтін орталық қызметін атқарды.

Қорытынды. Сопылық адамды рухани адамгершілік тұрғысынан өзін өзі тәрбиелеу жолы. Бұл жолда адам нәпсісін, жүрегін, рухын әртүрлі дерттерден тазартып, дүнияуи қалаулардан бас тартады және жетілу жолына бет бұрады. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірлерін саралай отырып, Қожа Ахмет Ясауи жолындағы және басқа да сопылық тариқаттарда «Қылует» ұғымы ішінара өзгешеліктері болғанымен, мағыналас екендігі және оңашалану дәстүріндегі ұқсастықтар туралы қорытынды жасауға болады. Қылуетке түсу үшін мүрид қандай шарттарды орындауға тиіс болса, 40 күн қылует дәстүрін орындап болған соң, қылуеттен шығу үшін де бірнеше бұлжымас ережелерді орындауға тиіс болатын.

Тарихи деректер мен ғылыми зерттеу әдебиеттерін қорыта келе, қылуетке түсу мен шығу арасындағы орындалуға міндетті шарттарды былай тұжырымдап сипаттауға болады: Әрбір қылуетке түсуші мүрид шайхтың яғни, ұстаздың рұқсатын алу міндетті.

Рұхсат алу үшін бірнеше шәкірттердің ішінен білімімен, зейінімен, Аллаға деген шынайы махаббатымен басқалардан озық тұрған шәкіртке ғана ұстаз ризалығын береді. Қылуатке түсетін шәкіртін ұстазы өзі ертіп келіп, ғар бөлмесінде екі рәкат намаз оқып, содан кейін ғана мүридтың құлшылықты бастауына рұхсат етіледі. Қылуатке түскен әрбір мүрид санасы мен жүрегін басқаларға тілімен де, іс-әрекетімен де жамандық пен зиян келтіруден тазартуы міндетті. Оқшаулану орнына кіргенде, мешітке кіретіндей дәретпен тазарып, кәлима айтып, Аллаға толық мойынсұнған күйде кіруі шарт. Қырық күндік оқшаулану кезінде мүрид ораза тұтуы, ораза тұту арқылы нәпсіні тиыш ұстауға міндетті. Ауыз ашарға берілетін тағам да қатаң ережемен қалыптасқан, ыстық су, қара немесе қызыл тары сорпасы, соңынан қарбыз немесе айран. Оқшаулану орны (ғар) күн сәулесі түспейтін күңгірт жер болуы шарт. Сырттан жарық немесе ауа кіретіндей тесіктер мен терезелер болмауы керек. Осында оқшауланушы мүрид қырық күн бойы сәресіден ауызашарға дейін зікір салып, Алладан күналарын кешіруді сұрап құлшылық жасайды. Оқшаулану орнының (ғар) көлемі де ережеге сай жасалатын болған. Ғардың биіктігі ер адамның бойындай, ұзындығы сәждеге тең, ені отырған адам сиятындай болуы шарт. Есігі құбылаға қарауы, биік болмауы, сырттағы дыбыстар, дауыстар естілмеуі тиіс. Есік оңай ашылып – жабылуы, кілттенетін болғаны дұрыс. Оқшаулану орнына (ғар) тұрғын үй бөлмесі арқылы өтуге яғни, тұрғын үй ішінен ғар жасауға рұхсат етіледі. Қырық күндік құлшылықта мүридтің жеке қауіпсіздігі қамтамасыз ету мақсатында ғардың ауызғы бөлмесіне бір адамның болуына рұхсат етілген. Бірақ, оған бей-берекет қозғалуға, шулауға, құлшылықтағы мүридтің көңілін алаңдатуға тиым салынған. Құлшылық уақыты біткен кезде шайх кіріп, оқшаулану кезінде көрген түстерін тыңдап, жориды. Сол күні құрбандық шалынып, дәруіш жеке бөлмеден шығарылады. Сосын жуынып, киімін ауыстырады. Сол күні немесе келесі күні шалынған құрбандық етімен тамақтанып, арнайы ұйымдастырылған діни сауыққа қатысады. Қырық күндік құлшылықты сәтті аяқтаған мүрид белгілі бір деңгейде құрметті дәрежеге ие болады.

Сонымен қатар, бұл зерттеуде Қожа Ахмет Ясауи сопылық іліміндегі қылуат дәстүрі мен оның кесенесі маңындағы жерасты мешіті мен «шілдехана», «ғар» сияқты бөлмелері туралы деректерге талдау жасалып, болжамды тұжырымдар берілді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Крестковский, 1986 - Крестковский В.В. В гостях у Эмира Бухарского. Санкт-Петербург. 1986. 548 с.
2. Пашино, 1868 - Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 году. Путевые заметки. Санкт-Петербург. 1868. 231 с.
3. Kozha, Nurzhanov, Krupko, 2021 - *Kozha M., Nurzhanov A.A., Krupko I., The Contribution of Researchers of the Russian Empire to the Study of Antiquities in Kazakhstan: the Case of N.I. Veselovsky // Bylye Gody. 2021. 16(2), P. 898-907.*
4. Köprülü, 1981 - *Köprülü F. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. Ankara: DİB Yay. 1981. 560 s.*
5. Uludağ, 1997 - *Uludağ S. Halvet. Diyanet Vakfi İslâm Ansiklopedisi. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfi. 1997. S. 386-395.*
6. Erkaya, 2019 - *Erkaya M. Manevi eğitim olarak halvet. Ankara: İlahyat. 2019. 397 s.*
7. Абуов, 1997 - Абуов А.П. Мировоззрение Ходжа Ахмеда Яссауи. Алматы: Институт философии МН АН РК, 1997, 196 с.
8. Кенжетай, 2008 - Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. 360 б.
9. Әлмашұлы, 1998 - Әлмашұлы Ж. Қызыр қонған Түркістан. Алматы: Санат. 1998. 207 б.

10. Кушенова, 2009 - Кушенова Ғ.И. «Ясауи жолындағы зікір мен қылуат дәстүрі»// Известия НАН РК. Серия общественных наук, 2009. №6. Б.123-125
11. Исаев М.С., Тұрсұн Х.М., Байболов Б.Қ. Қазақстандағы қылуат жерасты мешіттерінің тарихы мен қызметі (жазба және археологиялық деректерде) // Әл-Фараби атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы (Тарих сериясы). 2021. №4, С. 141-147 İbn Manzûr, 1990 - İbn Manzûr. Lisânü'l-Arab. Beyrut: Daru Sadr. 1990. 237 s.
12. Asım Efendi, 1304 - *Asım Efendi*, Kamûs Tercümesi, Mabaai Osmaniye, İstanbul 1304, III, 805 s.
13. Uludağ, 1995 - *Uludağ S.* Tasavvuf Terimleri Sözlüğü. İstanbul: Marifet Yay. 1995. 386 s. Özelsel, 2002 - Özelsel M. Halvette 40 gün. – İstanbul: Kaknüs. 2002. 227 s.
14. İsmail Rasûhî Ankaravî, 2008 - İsmail *Rasûhî Ankaravî*, Minhacü'l-fukarâ Mevlevî Âdâb ve Erkânı Tasavvuf Istilâhları, haz., Safi Arpağuş, Vefa Yayınları, İstanbul, 2008, 276 s.
15. Тұяқбаев, 2000 - Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. Алматы: Атамұра. 2000. 96 б.
16. Кенжетай, 2018 - Кенжетай Д. Қазақ мұсылмандығы және оның қалыптасу алғышарттары. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры. 2018. 248 б.
17. Gazzâlî, 1992 – *Gazzâlî. İhyau ‘Ulûmi’-d-dîn.* (Çev. Ahmet Serdaroğlu). İstanbul: Bedir Yay. 1992.
18. Ğirin, 2015 - Ğirin M. Semennûdî“de Halvet AnlayıĞı *Harran Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi, Yıl: 20, Sayı 33, Ocak–Haziran, 2015, S. 36-56*
19. Hazini, 1995 - *Hazini Cevahiru’l-Ebrar Min Embac-i Bihar.* Yesevi Menakibnamesi. Haz. Cihan okuyucusu. Kayseri, 1995. 219 s.
20. Носа Ahmed Yesevi, 1993 - *Носа Ahmed Yesevi.* Divan–I Hikmet. Haz:Н.Вісе. Ankara: T.D.V. 1993. 229 s. (144 hikmet). X-14\28
21. Хашимов, 2001 - Хашимов М. Религиозные и духовные памятники Центральной Азии, Алматы: САГА, 2001, 255 с.

]Авторлар туралы:

Байболов Берік Қыстаубайұлы - «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ғылыми зерттеу бөлім басшысы, Қазақстан / Түркістан.

Шаметов Сакен Таласбекұлы - «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ғылыми зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері, Қазақстан / Түркістан

Уркинбаева Айгүл Жәнібекқызы -«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ғылыми зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері, Қазақстан / Түркістан

About the Authors:

Berik Qystaubaiuly Baibolov — Head of the Research Department at the “Aziret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Kazakhstan / Turkistan.

Saken Talasbekuly Shametov — Research Fellow of the Research Department at the “Aziret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Kazakhstan / Turkistan.


Aigul Zhanibekkyzy Urkinbaeva — Research Fellow of the Research Department at the “Aziret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Kazakhstan / Turkistan.

Об авторах:

Байболов Берик Кыстаубайулы — руководитель научно-исследовательского отдела Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан», Казахстан / Туркестан.

Шаметов Сакен Таласбекулы — научный сотрудник научно-исследовательского отдела Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан», Казахстан / Туркестан.

Уркинбаева Айгуль Жанибеккызы — научный сотрудник научно-исследовательского отдела Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан», Казахстан / Туркестан.

Дүйсенов Бағдат Даниярұлы 
ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, аға ғылыми
қызметкері, Қазақстан/Алматы
e-mail: bagdat75@inbox.ru

Қ.А. ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ АРАБ ЖАЗУЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Андатпа. Мақалада Қ.А. Ясауи кесенесіндегі араб жазулы эпиграфикалық ескерткіштердің зерттелуі, сақталуы және кейбір құлпытасардың оқылуы жөнінде тың мәліметтер беріледі. Мақаланың мақсаты – кесенеді сақталған құлпытасарды зерттеп-зерделеу. Зерттеу материалдары – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты қызметкерлерінің 2024 жылы Түркістан облысына іссапары кезінде жиналған мәліметтер. Зерттеу әдістері – эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуде қолданылатын тарихи, деректемелік, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық және салыстырмалы, салғастырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері жазулардың сипатын анықтау және онымен танысу болып табылады.

Кілт сөздер: эпиграфика, құлпытас, Ясауи, Түркістан, араб жазулы ескерткіштер

Abstract. The article provides new information on the study and preservation of Arabic language epigraphic monuments of the mausoleum of K.A. Yasawi, as well as on the reading of some tombstone monuments. The purpose of the article is to study and analyze the tombstone monuments preserved in the mausoleum. The research materials are data collected by the staff of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies during an expedition to the Turkestan region in 2024. The research methods used were historical, source studies, paleographic, textual,

chronological, as well as comparative methods used in the study of epigraphic monuments. The results of the study are to determine the nature of the inscriptions and their comprehensive study.

Keywords: epigraphy, tombstone monuments, Yasawi, Turkestan, Arabic-inscribed monuments

Аннотация. В статье приводятся новые сведения по изучению, сохранению арабоязычных эпиграфических памятников мавзолея К.А. Ясауи, а также по прочтению некоторых надмогильных памятники. Цель статьи – исследование и анализ надмогильных памятников, сохранившихся в мавзолее. Материалы исследования – данные, собранные сотрудниками Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова во время экспедиции в Туркестанскую область в 2024 году. В качестве методов исследования использовались исторический, источниковедческий, палеографический, текстологический, хронологический, а также сравнительно-сопоставительный методы, применяемые в изучении эпиграфических памятников. Результаты исследования заключаются в определении характера надписей и их комплексном изучении.

Ключевые слова: эпиграфика, надмогильные памятники, Ясауи, Туркестан, арабоязычные памятники

Қазақстанның оңтүстік өңірінде орналасқан Түркістан облысының араб жазулы эпиграфикалық ескерткіштері аса көп зерттелмеген. Қазақ құлпытасары бойынша ең көп зерттелген Қазақстанның батыс өңіріндегі лапидарлық мұралар. Арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің мәтініне зер салып, жарыққа шығару жұмыстарын бертінгі жылдары қолға алып, ғылыми айналымға енгізіп, зерттеп жүрген Ә.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова, Б.Д. Дюсенов сияқты қазақстандық ғалымдардың еңбектері айрықша

маңызды. Осының негізінде Қазақстанның батыс өңіріндегі «Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы» (Шақпақ-ата, 2009), «Сейсем ата қорымының арабжазуындағы эпиграфикасы» (Сейсем Ата, 2015), «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері» (Muminov, Dyussenov 2023) сияқты кітаптар жарық көрді. Бұл кітаптар қазақ даласындағы арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің мәтінін тану жолындағы кәсіби-ғылыми еңбектердің алғашқы қарлығаштары.

Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуге арналған бірлі-жарым ғылыми еңбектердің бастысы ретінде «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» атты Ахмет Ясауи мазарының архитектуралық эпиграфикасын зерттеуге арналған кітап-альбомын (Қожа Ахмет, 2010) атауға болады. Бұдан бөлек, М. Қожаевтың «Арыстанбаб және оның кесенесі» (Қожаев 1996: 1-48), С. Ақылбектің «Арыстан баб мазаратындағы құлпытастар» (Ақылбек 2000: 1-40), М. Тұяқбаевтың «Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар» (Тұяқбаев 2000: 1-96) және т.б. кітапшалар жарық көрді. Бұл кітаптардан бөлек, жарық көрген ғылыми мақалалар бар. Аталған авторлардың мақалаларынан бөлек, Қарнак құлпытастарына қатысты Д.С. Байгунаков пен Г.Е. Сабденовалардың «Мусульманские надгробные памятники Карнак (Туркестанская область) как историко-археологический источник» атты мақаласы назар аудартады (Байгунаков, Сабденова: 2021: 167-178). Мақалада қорымдағы құлпытастардың формалары кеңінен зерттеліп, 9 топқа топтастырып қарастырылған. Қазақстанның оңтүстік өңірінде сақталған арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу өте өзекті тақырып болып табылады. Белгілі бір кезеңдері киелі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мазары, қасиетті Қарнак қасындағы Имам Бахили қорымы, Отырар қаласы жанындағы Арыстан баб кесенесі сияқты тарихи орындардың қасында жерленіп, басына құлпытас орнату мәдениеті ерекше орын алғаны әрі мұсылман баласы үшін сакралдық таным болғаны тарихтан мәлім. Түркістан облысы аумағындағы эпиграфикалық ескерткіштердің біршамасы зерттеліп жарияланды. Әйтсе де, әлі де зерттеушісін күтіп жатқан құпиялы құлпытастар баршылық. Осы олқылықтың орынын толтыру үшін Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи кесенесінің құлпытастарын зерттеу мақсатында Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты қызметкерлері 2023 жылы Түркістан облысының эпиграфикалық ескерткіштерін зерттеуді қолға алып, ғылыми экспедицияға барған болатын. Осы экспедиция барысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен біршама құлпытастар табылып, оларды фотоға түсіріп, сипаттамасын жазып, тастағы жазуларын оқып, аудармасын жасап, зерттеу алаңына тарттық.

Әзірет Сұлтан кесенесі мен Рабия Сұлтан Бегім кесенесінен табылған құлпытастардың жалпы көрінісі былай болып келеді:

- Рабияға Сұлтан Бегім кесенесінен – 7 құлпытас;
- Кіші Ақсарай бөлмесіндегі 18 құлпытас, кейбірі оқылды;
- Үлкен ақсарай бөлмесінен біреу, Қазыбек бидің құлпытасы;
- Ақсарай дәлізінен 3 құлпытас. Олар: 1) Ханаби Серкеұлы хиджра жыл бойынша (1768-112 1878); 2) Дана бибі х.ж. 1007 ж (– 1597 ж); 3) белгісіз.
- Зияратхана дәлізінен 5 құлпытас. Олар: 1) Қожа Ахмет Ясауидің құлпытасы;
- 2) Қожа XVI ғ; 3) Әмірзада Әли XVI ғ; 4) Шуджа ад-дин Хилал мырза XVI ғ;
- 5) Тоқтамыс XVI ғ;
- Жолбарыс хан дәлізінен 4 құлпытас. Олар: 1) Бақи сұлтан Мір Қалани XVI ғ. жартысы;
- 2) белгісіз; 3) Қожа Дәуіт Мұхамед; 4) Шурджа ад-дин мырза XV ғ.
- Абылай хан дәлізінен 4 құлпытас. Олар: 1) Абылай хан XVIII ғ.; 2) Хадиша сұлтан XVI ғ. басы;
- 3) Белгісіз;
- 4) Қорана бибі Хиджра бойынша 1100 ж – (1689 ж.).

Барлығын қосқанда 42 құлпытас профессионалды фотографтардың қызметі арқылы фотоға алынды. Сонымен қатар, 1995 жылы ғалымдар А.К. Муминов пен Б.М. Бабаджановтар жасаған құлпытас экстапжадары уақытша пайдалануға алынды.

Құлпытастарды зерттеу барысында бұрынғы зерттеулерде жасалған топтастыруларға өзгерістер енуі де мүмкін. Бұл туралы белгілі ғалым Б. Бабаджановтың пікірі мынадай болып келеді: «Құлпытас эпиграфикасын зерттеу қабылданған классификацияларға түзетулер енгізуге түрткі болады» дейді (Бабаджанов, 2023: 209). Себебі, құлпытастың түрлері әлі де толық нақтыланбаған. Ол жөнінде белгілі этнограф тарихшы С.Е. Әжіғалиевтің пікірі мынадай болып келеді: «Алайда, «қабіртастарға» қолданылып жүрген құлпытас терминін –қабірдің үстіндегі көлденең сатылы құрылымның тас құрылыстарына (қазақ тілінің бірқатар сөздіктерінде, жекелеген басылымдарда бар) қолдану дұрыс емес: «қабіртастарды» анықтау үшін «қабіртас» термині қолданған қолайлы» (Azhigaly 2023: 24). Қ.А. Ясауи кесенесінде көбіне көп қабіртастары кездеседі.

Түркістан өңірінде құлпытастар көлденең сатылы құрылымдар болып келеді. Алайда, адамдар мен ғылыми еңбектерде оларды жиі «құлпытас» деп атайды. Профессор С. Әжіғалидің ұсынысы өте орынды. Алайда, біздің зерттеуімізде біз «құлпытас» терминін қолдандық, өйткені оны аймақтағы құлпытастарды зерттеген мамандар осылай атады. Зерттеу барысында түсініспеушіліктерді болдырмау үшін біз «құлпытас» терминін таңдадық. Сонымен қатар, «қабір тас» термині қазақстандық зерттеушілер арасында ғылыми ортада аса танылмағандығын атап өткен жөн. Осы терминдерді анықтау үшін және ортақ шешімге қол жеткізу үшін арнайы конференция өткізген дұрыс деп санаймыз.

Келесі кезекте Қ.А. Ясауи кесенесінде кездескен кейбір құлпытастардың суреті мен сипаттамасы және оқылуы мен аудармасын бергенді жөн көрдік.

Әзірет Сұлтан кесенесі. Кіші Ақсарай бөлмесі

№ 002

80x15, 5x20 см. Құлпытас мәрмәр көктас. Алдыңғы бетінде эпитафия шығыңқы рельефті қашалған, жазуы оқуға келеді.

Алдыңғы беті:



Мәтін:

٨٨٢١. مرحوم خواجه اته ابن توره محمود سلطان المرحوم المغفور الشریف مَرَقْد ٥ َدَّ َا

Аудармасы:

Бұл қабір шариф кешірілген марқұм Сұлтан Махмұт Төре ұлы Атақожа марқұм. 1288/1872.

№ 004

90x12x10 см. Құлпытас мәрмәр көктас. Алдыңғы бетінде эпитафия шығыңқы рельефті қашалған, жазуы оқуға келеді.

Алдыңғы беті:



Мәтін

تعالى الله رحمةا قورسباى بن ميرزا پکان

Аудармасы:

Бекен мырза Құрысбайұлы. Оған Алла тағаланың рахымы болсын!

№ 017

Құлпытас мәрмәр көктас. Алдыңғы бетінде эпитафия шығыңқы рельефті қашалған, жазуы оқуға келеді.

Алдыңғы беті:



Мәтін:

ابن نقيب خواجه الله جنيد مرسد ابن نقيب خوجه حان ابن نقيب خواجه اكبر على المرحوم المغفور شريف ذهامرقد
نقيب خواجه الله اسد ابن نقيب خواجه عالم

Аудармасы:

Бұл жерленген шариф кешірілген марқұм Әлиакбар қожа нақиб ибн Ханқожа нақиб ибн Мәрсед Жүниейдолла қожа нақиб ибн Алим қожа нақиб ибн Асадолла қожа нақиб

Оң жағы:

Мәтін:



بِالنَّيِّبِ الْأَعْمَلِ الْإِنَّمَا سَلَّمَ وَ عَلَيْهِ اللَّهُ صَلَّى اللَّهُ رَسُولُ قَالَ , اللَّهُ رَسُولُ صَدَقَ يَاتِ

Аудармасы: Алланың Елшісі (Оған Алланы салауаты мен сәлемі болсын) айтқан: Ниетпен жасалған амал оңай, Алланың Елшісіне сеніңіз.

Кесенедегі әрбір құлпытастың төрт қырының да суреттері алынды. Алдымен алдыңғы беті, сосын оң жақ қыры, сол жақ қыры және артқы жағының фотолары түсіріліп тіркелді, одан соң араб жазулы мәтіні сыни мәтін ретінде араб графикасында терілді. Оның астында

қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармасы жасалды. Болашақта Қ.А. Ясауи кесенесінде сақталған арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің толыққанды зерттелген кітап-альбомын шығару өте қажет.

Қазақ топырағында сақталған қасиетті қорым-қоралар мен ежелгі ескерткіштер еліміздің тамырлы тарихының куәгері және танымал тұлғалардың есімі жазылған құнды құжаттар. Желдің өтінде, күннің астында күннен күнге тозып, өз зерттеушілерін күтіп тұрған құпиялы құлпытастардың сырын ағытып, түйінін шешіп, көпшілікке танытып, ғылыми айналымға енгізу – келешекте зерттелетін зерделі жұмыстар әлі де өз жалғасын табуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ажигали, 2023 – Ажигали С.Е. Казахские кулпытасы – аналоги якутских сэргэ: ареал, типология, генезис // Северо-Восточный гуманитарный вестник. 2023. №4(45). С. 20-36.
2. Акылбек, 2000 – Арыстан баб мазаратындағы құлпытастар. Эпиграфические памятники кладбища Арыстан-Баб. Шымкент: Арыс, 2000. 40 с.
3. Бабаджанов, 2023 – Бабаджанов Б.М. Социальная семантика эпиграфики надгробий золотоордынского Хорезма (по археологическим находкам XX века). Археология Казахстана. 2023. № 2 (20). С. 203–221.
4. Байгунаков, Сабденова, 2021 – Мусульманские надгробные памятники Карнак (Туркестанская область) как историко-археологический источник // Поволжская археология. № 4 (38), 2021. С. 167–178.
5. Қожа Ахмет, 2010 – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi / Құрастырушылар Ә.Қ. Муминов, М.Б. Қожа, С. Моллақанағатұлы, М.Ж. Садықбеков, Ж.М. Нұрбеков. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. Издание второе, переработанное и дополненное. – Алматы: «Эффект» ЖШС, 2010. – 208 б.
6. Қожаев, 1996 – Қожаев М. Арыстанбаб және оның кесенесі. Шымкент: Жібек жолы баспасы, 1996. 48 б.
7. Сейсем Ата, 2015 – Сейсем Ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы – Арабграфическая эпиграфика некрополя Сейсем Ата – Arabographic Inscriptions of the Sisem Ata Necropolis / Кіріспе, құрастыру, араб, парсы, түркі тілдерінен аударма, көрсеткіштер А. Қ. Муминов, А. Ш. Нұрманова, Н. А. Құлбаев. Ғылыми консультант М.С. Нұрқабаев. Ағылшын тіліне аударма Нил Робинсондікі / Жауапты редакторы Б.М. Бабаджанов. – Астана, 2015 – 160 б.
8. Тұяқбаев, 2000 – Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. Алматы, 2000. 96 б.
9. Шақпақ-ата, 2009 – Шақпақ-ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы / Муминов, Ә. Қ., Нұрманова, А. Ш.; ред. Б. М. Бабаджанов - Алматы: Дайк-Пресс, 2009. - 223 б., фотосурет. Альбом. – (Қазақстанның эпиграфикалық ескерткіштері. - Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы бойынша; «Мәдени мұра» өңірлік салалық бағдарламасы, Мәтіні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Библиогр.: б. 213 – 978-601-7170-83-7(мұқ.)

Автор туралы:

Дүйсенов Бағдат Даниярұлы - ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, аға ғылыми қызметкері, Қазақстан/Алматы

About the author:

Bagdat Daniyaruly Duissenov — Senior Research Fellow at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies under the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan / Almaty

Об авторе:

Дуйсенов Бағдат Даниярович — старший научный сотрудник Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Казахстан / Алматы

ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ. ИССЛЕДОВАНИЕ ЯСАУИ. YASAWI STUDIES

«ӨЗІРЕТ СҰЛТАН» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
ЯСАУИТАНУ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

<https://journalyasawicenter.com>
ISSN 3134-8440 eISSN 3134-8459

Devin DeWeese 

Professor Emeritus, Indiana University, Bloomington, USA/ Bloomington
e-mail: deweese@iu.edu

THE SUFI TREATISE ASCRIBED TO ISMĀ'ĪL ATA: NOTES ON AN EARLY YASAVĪ SOURCE IN TURKIC

Аңдатпа. Бұл мақалада XIV ғасырдың басындағы Ясауи дәстүрінің көрнекті өкілі Исмаил Атаға телінетін түркі сопылық трактатына қысқаша талдау ұсынылады. Оның түпнұсқалығын толық дәлелдеу мүмкін болмаса да, еңбектің Ясауи дәстүрінің ерте кезеңіне тән екендігін

Ясауи сопылық дәстүрінің түркі әдеби мұрасы XIV ғасырдың және шын мәнінде Исмаил Атаға сенімді түрде телінетін трактат нұсқасын сақтап қалуы мүмкін екенін көрсететін бірнеше белгі бар. Осындай белгілердің бірі – Ахмет Ясауидің алған және кейін өзінің рухани мұрагерлеріне тапсырған хирқа, яғни сопылық шапанның берілуі туралы еңбектегі ерекше баяндау. Бұл баяндау осы баяндаманың негізгі өзегін құрайды. ортасына жатқызуға болатын бір ғана еңбекті және сол дәуірге, тіпті одан да ертерек кезеңге тән болуы мүмкін, бірақ нақты мерзімдеу мүмкін емес салыстырмалы түрде аз ғана өзге шығармаларды қамтиды. Менің ойымша, XIV ғасырдың ортасына анық жатқызуға болатын жалғыз еңбек – Исмаил Атаның ұлы Қожа Исхақтың көлемді шығармасы. Бұл еңбек екі редакцияда белгілі және менің, профессор Муминовтың, сондай-ақ Өзбекстан мен Ресей ғалымдарының қатысуымен дайындалған жуырдағы бірлескен зерттеуде сипатталған. Сол зерттеуде айтылғандай, Қожа Исхақ шығармасының қолжазбаларында көбіне бірнеше қосымша мәтіндер кездеседі, олардың ішінде исламдандыру туралы баяндау аталған жинақтың негізгі тақырыбы болған [1:44–50 (орысша), 74–80 (ағылшынша)]. Ал тағы бір көлемдірек қосымша мәтін осы қысқаша баяндаманың нысаны болып табылады.

Кілт сөздер: Исмаил ата, Ахмет Ясауи, Қожа Исхақ, сопылық дәстүр, қолжазба

Abstract. This paper offers a brief assessment of a Turkic Sufi treatise ascribed to Ismā'īl Ata, a prominent figure of the Yasavī tradition from the early 14th century; though its authenticity cannot be decisively demonstrated, there are several indications that it indeed goes back to an early phase of the Yasavī tradition, and may indeed preserve a version of a treatise reliably ascribable to Ismā'īl Ata. One such indication is the work's distinctive account of the transmission of the *khirqa*, or Sufi robe, received by Aḥmad Yasavī and passed on to his spiritual descendants; this account will be the focus of this presentation.

The Turkic literary legacy of the Yasavī Sufi tradition includes a single work that can be dated as early as the middle of the 14th century, and a relatively small number of other works that might go back to that era, or perhaps even earlier, but cannot be unequivocally assigned to such an early date. The one work I believe can clearly be shown to date to the mid-14th century is the extensive work of Khwāja Ishāq, the son of Ismā'īl Ata, which is known in two redactions, as outlined in a recent collaborative study involving myself, Professor Muminov, and other scholars from Uzbekistan and Russia; as discussed in that work, manuscripts of Khwāja Ishāq's work often include several supplementary texts, including the narrative of Islamization that was the central focus of that volume [1:44-50 (Russian), 74-80 (English)]. Another, longer supplementary text is the subject of this brief report.

Keywords: Ismā'īl Ata, Ahmad Yasavi, Khwāja Ishāq, Sufi tradition, manuscript

Аннотация. В данной статье представлен краткий анализ тюркского суфийского трактата, приписываемого Исмаилу Ате, видной фигуре ясавийской традиции начала XIV века; хотя его подлинность не может быть однозначно доказана, существует несколько признаков того,

что он действительно относится к раннему этапу ясавийской традиции и, возможно, представляет собой версию трактата, достоверно приписываемого Исмаилу Ате. Одним из таких признаков является характерное для этого произведения описание передачи хирки, или суфийской одежды, полученной Ахмадом Ясави и переданной его духовным потомкам; именно это описание станет предметом данного исследования.

Тюркское литературное наследие ясавийской суфийской традиции включает в себя единственное произведение, датируемое серединой XIV века, и относительно небольшое количество других произведений, которые могут относиться к той эпохе или, возможно, даже раньше, но которые нельзя однозначно отнести к столь ранней дате. Единственным произведением, которое, как мне кажется,

можно однозначно отнести к середине XIV века, является обширный труд Ходжи Исхака, сына Исмаила Аты, известный в двух редакциях, как описано в недавнем совместном исследовании с участием меня, профессора Муминова и других ученых из Узбекистана и России; как обсуждается в этой работе, рукописи труда Ходжи Исхака часто включают несколько дополнительных текстов, в том числе повествование об исламизации, которое было центральной темой этого тома [1:44-50 (русский), 74-80 (английский)]. Другой, более длинный дополнительный текст является предметом этого краткого отчета.

Ключевые слова: Исмаил Ата, Ахмад Ясави, Ходжа Исхак, суфийская традиция, рукопись

The text in question is found only in copies of the untitled redaction of Khwāja Ishāq’s work, and is a Sufi “treatise” (risāla) ascribed to Khwāja Ishāq’s father, i.e., to Ismā’īl Ata himself; if authentic, it would thus push back the literary legacy of the Ismā’īl Atā’ī tradition by a generation, into the first half of the 14th century. Its authenticity is by no means certain, but it is clear that it was produced no later than 1103/1692, the date of the earliest manuscript copy. Other copies of the work date only to the 19th century.

Against its authenticity may be noted the significant fact that this treatise bears none of the clearly archaic linguistic features known from at least one copy of the work Khwāja Ishāq; that work is also represented by 19th-century copies, and by one manuscript from the late 17th century, in which the language has undergone significant ‘modernization’ from what we would expect in a 14th-century work, but one old copy bears telltale signs of phonological and orthographic archaisms that point to the 14th century. In the case of the treatise ascribed to Ismā’īl Ata himself, however, we have only the ‘modernized’ versions, and although the text occasionally shows signs of an older layer of linguistic elements, it is for the most part indistinguishable from ‘normative’ Chaghatay Turkic.

In favor of its authenticity, or at least of its antiquity, is a brief passage, near the beginning, that in effect praises Ismā’īl Ata; it is framed as a ḥadīth in which the Prophet Muḥammad ‘predicts’ the career of Ismā’īl Ata. Though his ḥadīth would have to be judged spurious, it is noteworthy that it is cited in one other source I have identified, an obscure hagiographical work (possibly entitled Riyāz al-awliyā) produced in the second half of the 16th century by a Kubravī shaykh of Central Asia; its citation in that work suggests, but cannot wholly confirm, the likelihood that the Kubravī author was familiar with the treatise ascribed to Ismā’īl Ata, and ‘borrowed’ the putative ḥadīth from a copy of that work.

Another possible indication of the work’s likely antiquity involves its discussion of the Sufi dhikr, which bears no sign of a focus on a key issue—the vocal or silent character of the dhikr—that would undoubtedly have been addressed in a work of later origin. Yet another element of the treatise’s contents offers even stronger evidence of its antiquity, as discussed in more depth below.

With regard to the work’s date, finally, there is in fact an explicit statement about when it was written, in a ‘colophon’ of sorts that is included in all three full copies of the text; the two different versions of this passage present problems of both interpretation and chronology,

and ultimately are mostly unhelpful in terms of narrowing down a temporal ‘window’ for the composition of the treatise.

This ‘colophon’ affirms that “the account that is written in this text [occurred] at the time when Ismā‘īl Ata, God’s mercy be upon him, came from among the people of Bukhārā, freed from captivity;” this refers to a period, difficult to date, referred to in the brief ‘biography’ of Ismā‘īl Ata found in the work of his son Ishāq Khwāja, in which we are told that Ismā‘īl Ata fell into captivity among the infidels of the Dasht-i Qipchāq at the time of his father’s martyrdom by the same infidels, and then eventually made his way to Khwārazm, Bukhārā, and Samarqand before returning to his native region of Qazghirt. The ‘colophon’ goes on to affirm—and here there are two different versions—that Ismā‘īl Ata either was 14 years old when he took his father’s place, or sat in his father’s place for 14 years. The final ‘clue’ given in this ‘colophon’ affirms that Ismā‘īl Ata’s assumption of his father’s role occurred in “the year when Sulṭān Maḥmūd Ṭāyī became ruler.” Without here going into the various possible meanings, or garblings, of the name assigned to this ‘ruler,’ suffice it to say that no clear date can be established on the basis of any possible identification proposed for him.

The work is structured in a brief introduction and six chapters of unequal length. The introduction lays out the circumstances of the work’s composition, affirming that Ismā‘īl Ata wrote it on the occasion of the licensure of one of his disciples, called Pīr ‘Alī b. Bāy Témūr Andūgānī (though the nisba is written unclearly), who is further identified as a seeker from Turkistān; he was told to return to his own people and summon them to the path of God, just as Khwāja Aḥmad Yasavī had done in his time. In the interest of time, I will refrain from outlining the contents, and limit my comments to the important fifth chapter, which deals with the lineage of the transmission of the khirqa, or Sufi robe, through Aḥmad Yasavī. It is, above all, the anomalous presentation of the lineage of masters through whom the Yasavī khirqa was transmitted that leads me to believe that this treatise ascribed to Ismā‘īl Ata might indeed be authentic; there are other signs pointing in the same direction, but the work’s presentation of a transmission lineage known from no other source suggests that it may indeed go back to a quite early period of the Yasavī tradition.

The fifth chapter begins with a short account of the origins of this khirqa, in paradise, and then shows Ismā‘īl Ata recounting the transmission of this khirqa, in a lineage that serves as a silsila for Khwāja Aḥmad Yasavī: the Prophet wore it for several years and then gave it to ‘Alī, who wore it for 35 years and then passed it to Shaykh Ḥasan Baṣrī; the latter wore it for 18 years and 14 days, and then transmitted it to Shaykh Ḥabīb ‘Ajamī, who wore it for 55 years. Without making clear whether that figure includes the seven years during which the khirqa was preserved in a chest (ṣandūq), i.e., without being worn by a particular saint, the account then dispenses with the length of time each figure wore the khirqa, and simply gives the chain of transmission.

From Shaykh Ḥabīb ‘Ajamī, it passed to Shaykh Dāwūd Ṭāyī, then to Shaykh Ma‘rūf Karkhī, then to Shaykh Sarī Saqaṭī, then to Shaykh Abū’l-Faḥr—clearly meaning Abū’l-Faḥr Sarakhsī—and then to “Shaykh Abū Sa‘īdī [sic] Bū’l-Khayr;” from the latter it passed to one intermediary, identified as “Shaykh Najm al-Dīn Ṭūsī,” and it was he who passed it on to Shaykh Aḥmad Yasavī. After that, the account ends, the khirqa reached “the shaykhs of this time, down to the present moment.” The phrasing here thus refrains from explicitly claiming that the khirqa was in the possession of Ismā‘īl Ata, though we might argue that this is implied.

Two preliminary points should be made with respect to this lineage, beyond the fact that it is marked by a significant chronological gap (between Sarī Saqaṭī and Abū’l-Faḥr Sarakhsī). The first is that in making Aḥmad Yasavī part of an initiatory lineage traced through the famous 11th-century shaykh of Khurāsān, Abū Sa‘īd b. Abī’l-Khayr (d. ca. 1041), it is in

conformity with our earliest known reference to Aḥmad Yasavī, in a work from the first half of the 13th century, which affirms that he performed the dhikr using the same formula as that used by the Sufī community of Abū Saʿīd b. Abī'l-Khayr, namely, the divine name “Allāh” (as opposed to the formula “lā ilāha illā'llāh” employed by the circle of Yūsuf Hamadānī, and, according to a parallel account, the followers of Abū'l-Najīb Suhraḡardī as well).

The second is that a handful of other sources—Ḥazīnī's *Jāmi' al-murshidīn* (16th-century), the *Lamaḡāt min nafaḡāt al-quḡs* of ʿĀlim Shaykh ʿAlīyā āḡī (early 17th century), and the *Manāqīb* of Nūr al-Dīn Baṡīr (15th century?)—mention “*Najm al-Dīn Ṭūsī*” among the Sufi teachers of Aḥmad Yasavī, but without placing him in a specific lineage of *khirqā* transmission; indeed, some of those other sources link this *Najm al-Dīn Ṭūsī* with a specific aspect of Aḥmad Yasavī's Sufi training, identifying him as Yasavī's shaykh for spiritual retreats (*khalvat*). Different ‘specializations’ are assigned, in those sources, to the other major figures often identified as Aḥmad Yasavī's teachers, Yūsuf Hamadānī and Shihāb al-Dīn ʿUmar Suhraḡardī, suggesting that assigning such specific roles served as a way of ‘reconciling’ the conflicting traditions about Aḥmad Yasavī's spiritual training, and that the inclusion of *Najm al-Dīn Ṭūsī* among those assigned such a role is an indication that such a figure was indeed known, and perhaps fairly prominent, among the shaykhs who were said to have been teachers of Aḥmad Yasavī.

More broadly, as noted, the ‘lineage’ of transmission shown in the treatise ascribed to Ismāʿīl Ata is of considerable significance for ignoring both the most commonly given initiatory lineage for Aḥmad Yasavī, traced through his supposed master, shared with the spiritual ancestor of the *Khwājagān* and the *Naqshbandī* tradition, Yūsuf Hamadānī, and the lineage traced for Aḥmad Yasavī in several other works chiefly of Yasavī provenance

(including those of Ḥazīnī, from the late 16th century, and the *Lamaḡāt*, from the early 17th, but also a handful of sources from earlier in the 16th century, and even from the mid-15th), through Shihāb al-Dīn ʿUmar Suhraḡardī. The treatise is unique among sources I have encountered in ignoring these two figures entirely, and in identifying only *Najm al-Dīn Ṭūsī* as the master of Aḥmad Yasavī.

It is, as suggested, the utter obscurity of *Najm al-Dīn Ṭūsī*—of whom no other record exists, despite the extensive hagiographical ‘coverage’ of the Sufi circle of Abū Saʿīd b. Abī'l-Khayr—that suggests his authenticity as a figure linked to Aḥmad Yasavī. As the earliest reference to Yasavī confirms, Yūsuf Hamadānī was a prominent Sufi, and both Abū'l-Najīb Suhraḡardī and his nephew Shihāb al-Dīn ʿUmar Suhraḡardī were extraordinarily important figures in 12th- and 13th-century Sufism; if there was uncertainty or dispute regarding Aḥmad Yasavī's spiritual training, as conflicting traditions suggest there certainly was, it would be only natural to find claims about his links to such prominent figures as Hamadānī or the Suhraḡardīs. Such claims would have had the effect of situating Aḥmad Yasavī within a well-known and influential ‘brand’ of Sufi teaching and practice, in addition to ascribing him a prestigious teacher. In the case of *Najm al-Dīn Ṭūsī*, his obscurity makes him an odd candidate to latch onto for either prestige or wider ‘brand’ connection; in the latter regard, if he were known among the disciples or descendants of Abū Saʿīd b. Abī'l-Khayr, we might argue that this was the brand connection that was evoked by showing him as the source of Aḥmad Yasavī's *khirqā*, his own individual obscurity and lack of evident prestige notwithstanding, but the treatise ascribed to Ismāʿīl Ata is, after all, our only source to link *Najm al-Dīn Ṭūsī* to Abū Saʿīd b. Abī'l-Khayr.

Considered from a different perspective, the obscurity of the figure identified as Aḥmad Yasavī's master in the treatise ascribed to Ismāʿīl Ata may speak also to the antiquity of that treatise: it suggests that the work was indeed written before the far better-known claims about Aḥmad Yasavī's Sufi lineage were formulated and cemented in Sufi literature and lore (a process that culminated only in the *Rashaḡāt-i ʿayn al-ḡayāt*, from the early 16th century,

though some Yasavī sources continued to present ‘alternative’ traditions for more than a century afterwards). Indeed, the obscurity of Najm al-Dīn Ṭūsī may serve as a likely sign not only of the antiquity, but of the veracity as well, of the treatise ascribed to Ismā‘īl Ata, which likely preserved an early, and possibly accurate, tradition that was not yet ‘countered’ by claims of Aḥmad Yasavī’s discipleship under the much better-known figures of Hamadānī and Suhrawardī.

At the same time, however, there is good reason to be careful in arguing about the ‘veracity’ of the treatise ascribed to Ismā‘īl Ata on the specific point of the identity of Aḥmad Yasavī’s master; this is so not only because arguing that the obscure Najm al-Dīn Ṭūsī was the real master of Aḥmad Yasavī does not yield much in terms of concrete connections or associations, but because what it presents is simply evidence of the existence of a particular tradition, or assertion, about Yasavī’s spiritual training that may have been in circulation quite early in the historical development of the Yasavī tradition—an assertion or tradition, to be sure, that cannot be as easily accounted for as those stressing Yūsuf Hamadānī or Shihāb al-Dīn Suhrawardī. In other words, the arguable antiquity of the treatise ascribed to Ismā‘īl Ata might make it a more authoritative source regarding Yasavī’s lineage, but not necessarily. The point is that all the traditions about Aḥmad Yasavī’s spiritual training were most likely devised for specific motives that need not have included the preservation of a historically accurate account of who his actual master(s) were. It is thus more prudent to recognize all these traditions, including the one advanced in the treatise ascribed to Ismā‘īl Ata, as contingent and perhaps conjectural claims, based on incomplete information and on assertions that may have meant different things in different times.

Literature cited

1. Devin DeWeese, Ashirbek Muminov, Durbek Rahimjanov, and Shavasil Ziyadov, with Alfrid Bustanov, *Islamization and Sacred Lineages in Central Asia: The Legacy of Ishaq Bab in Narrative and Genealogical Traditions, Vol. I: Opening the Way for Islam: The Ishaq Bab Narrative, 14th-19th Centuries / Islamizatsiia i sakral'nye rodoslovnnye v Tsentral'noi Azii: Nasledie Iskhak Baba v narrativnoi i genealogicheskoi traditsiakh, Tom 1: Otkrytie puti dlia islama: rasskaz ob Iskhak Babe, XIV-XIX vv. -Almaty: Daik-Press, 2013.*

Автор туралы:

Девин ДеУиз — Индиана университетінің эмерит-профессоры, АҚШ/ Блумингтон

About the author:

Devin DeWeese - Professor Emeritus, Indiana University, USA/ Bloomington

Об авторе:

Девин ДеУиз — почётный профессор (Professor Emeritus) университета имени Индиана, США /Блумингтон

МАЗМҰНЫ - CONTENTS - СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім	Section 1	Раздел 1
ЯСАУИТАНУ: ДІНТАНУ ЖӘНЕ ТЕОЛОГИЯ	YASAWI STUDIES: RELIGIOUS STUDIES AND THEOLOGY	ЯСАВИЕВЕДЕНИЕ: РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ И ТЕОЛОГИЯ
САЙПУЛЛА МОЛЛАҚАНАҒАТҰЛЫ		
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ ҚАБІРХАНА ЕСІГІНДЕГІ ЖАҢА ЭПИГРАФИКА: ЯСАУИ ЕСІМІ МЕН ЛАҚАПТАРЫ 5		
Батырхан Болатбек Шәденұлы		
ЯСАУИ ІШІМІНІҢ ТҮРКІЛІК ИСЛАМДАҒЫ ОРНЫ 10		
GOODARZ RASHTIANI		
KHWAJA AHMAD YASAWI AND HIS LEGACY IN PERSIAN SOURCES AND RESEARCHS 17		
ALI RAFET ÖZKAN		
AHMED YESEVI HIKMETLERI PERSPEKTIFINDEN 21. YÜZYILDA KAZAK ET- NO-KÜLTÜREL KIMLIĞI VE TOPLUMSAL BÜTÜNLÜK: ÇAĞDAŞ MEYDAN OKUMA-LAR VE YESEVI’NIN MIRASI 30		
<hr/>		
2-бөлім	Section 2	Раздел 2
ЯСАУИ МҰРАСЫ: ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ	YASAWI HERITAGE: LANGUAGE AND LITERATURE	НАСЛЕДИЕ ЯСАВИ: ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА
САВБОРОВ НУРБОЙ		
AHMED YESEVÎ İLE YUNUS EMRE’NIN HIKMETLERİNDE EDEBÎ VE İRFÂNÎ ETKİLER 39		
HOSSEIN KHOSHBATENI		
PIR-I MUĞAN, HOCA AHMET YESEVÎ’NIN DIVAN-I HIKMET’İNDE VE İRAN EDEBİYATINDAKİ SŪFÎ ŞAİRLERE ETKİSİ 46		
ПЫЛЕВ АЛЕКСЕЙ ИГОРЕВИЧ		
ПОЭТИЧЕСКАЯ АВТОБИОГРАФИЯ ХОДЖИ АХМАДА ЙАСАВИ В «КАЗАНСКИХ» СБОРНИКАХ «ДИВАН-И ХИКМАТ» ИЗ ФОНДОВ БИБЛИОТЕКИ СПБГУ (ПОЭТИЧЕСКАЯ ФОРМА И АСПЕКТЫ СОДЕРЖАНИЯ)..... 58		
АЙМУХАМБЕТ ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ		
ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ДАСТАНЫ МЕН ДАНТЕНІҢ «ҚҰДЫРЕТТІ КОМЕДИЯ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ЖҰМАҚ БЕЙНЕСІ 68		

3-бөлім	Section 3	Раздел 3
ЯСАУИТАНУ: ӘЛЕУМЕТТІК- ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР	YASAWI STUDIES: SOCIAL AND HUMANITARIAN RESEARCH	ЯСАВИВЕДЕНИЕ: СОЦИАЛЬНО- ГУМАНИТАРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
İŞİK ZEKERİYA <i>OSMANLI KAYNAKLARINA GÖRE HOCA AHMED YESEVÎ</i> 78		
ШАМЕТОВ САКЕН ТАЛАСБЕКҰЛЫ БАЙБОЛОВ БЕРІК ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ УРКИНБАЕВА АЙГУЛ ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ <i>ҚЫЛУЕТ ЖӘНЕ ОҚШАУЛАНУ ДӘСТҮРІ</i> 89		
ДҮЙСЕНОВ БАҒДАТ ДАНИЯРҰЛЫ Қ.А. ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНІҢ АРАБ ЖАЗУЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ 100		
DEVIN DEWEESE THE SUFI TREATISE ASCRIBED TO ISMĀ‘ĪL ATA: NOTES ON AN EARLY YASAVĪ SOURCE IN TURKIC 107		